Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!



Farabı shákirti

@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

№8
ТАМЫЗ
2026

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА – АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Қазақ халқы тамыз айын «сарша тамыз» немесе «Сүмбіле» деп атап, оны жылдың ең берекелі, еңбек пен ризыққа толық, қамба толатын кезеңі ретінде бағалаған.
(Ашық дереккөзінен алынды.)
Мұқабаның суреті: ЖИ, автор – редакция

БҰЛ САЙЛАУ ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ ТАРТЫСТЫ НАУҚАНДАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ЕСТЕ ҚАЛАТЫНЫ АНЫҚ



«Бір сөзбен, азаматтарымыз партиялардың ел болашағына қатысты ұстанымын мұқият зерделеуге мүмкіндік алды. Саяси ұйымдардың экономикадан бастап мәдениет саласына дейін қамтыған бастамаларын бағалап – бағамдады.

Сайлауалды науқан еліміздегі қоғамдық күн тәртібі өзгергенін, жасампаздық пен өркендеу идеясы мемлекет саясатының арқауына айналғанын айқын көрсетті. Жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды ұсыныстар айтыла бастады. Бұл – түбегейлі саяси жаңғырумен қатар, ұлтымыздың қайта жанданған пассионарлық қуатын танытатын маңызды нышан.

Біз «Заң мен Тәртіп» қағидаты үстемдік құратын, халық үніне құлақ асатын, саяси және қоғамдық институттары тиімді жұмыс істейтін мемлекет құрып жатырмыз.

Құрылтай әралуан көзқарас пен ұлт келешегі жолындағы ұмтылыстар тоғысатын біртұтас алаң болуға тиіс. Осылайша, Құрылтай ел жаңғыруына тың серпін беретін құрылымға айналмақ. Азаматтарымыз қастерлі Отанымыздың тағдырына шынайы жанашырлық танытып, еліміздің келешегіне жауапты екенін терең сезінуге тиіс. Сонда ғана Қазақстан одан әрі қарыштап дамиды.

Біз геосаяси шиеленіс ширығып, жаһандық сын – қатерлер күшейе түскен кезеңде бет алған бағытымыздан таймай, тек алға қарай жүруіміз қажет. Қазақстанды әлемдегі нағыз озық мемлекеттердің қатарына қосу үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек, яғни ұлттық стратегиямызды табысты жүзеге асыруымыз қажет.

Халқымыздың дауысы қастерлі Отанымыздың тұғырын бекемдеуге, нағыз озық ел болуымызға тікелей ықпал етері анық.

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасасын!».

(Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Құрылтай сайлауы қарсаңындағы үндеуінен алынды. 2026 жылғы 21 тамыз). https://akorda.kz/

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

Farabi shákirti

№8 (84) тамыз, 2026 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: + 7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839 Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ

Тарихы: 2026 жылғы қаңтардағы Ұлттық құрылтай отырысында президент Қасым – Жомарт Тоқаев парламентті бірпалаталы қылып, оны Құрылтай деп атағанды жөн көрді. Парламент реформасын 2026 жылғы конституциялық референдумда халық қолдап дауыс берді.

Шілде айында Қазақстанның жаңа Конституциясы күшіне енді.

Құрылтайдың бірінші шақырылым депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалды.

Құрылтай – халықтың немесе қоғамның маңызды мәселелерін шешу үшін шақырылатын дәстүрлі алқалы жиын, жоғары өкілді орган. Қазақ тарихында ел бірлігі мен маңызды шешімдер тек құрылтай арқылы қабылданған.

2026 жылғы реформалардан кейін Қазақстанда қос палаталы Парламент таратылып, бірпалаталы заң шығарушы орган ретінде ресми түрде Құрылтай құрылды.

Тарихи мәні мен маңызы

• Ежелден бері түркі және моңғол халықтарында маңызды мемлекеттік істерді талқылау үшін Ұлы Құрылтайлар шақырылған.

• Тарихтағы Ордабасы, Қарақұм құрылтайлары ел басына күн туғанда халықты жұмылдырудың жарқын үлгісі болды.

• Заманауи кезеңде бұл ұғым жаңа мағынаға ие болып, ұлттық сипаттағы алқалы шешімдер қабылдайтын институтқа айналды.

• Қазақстан Құрылтайының сипаты

• Мәртебесі: Елдің жоғары өкілді және заң шығарушы бірпалаталы органы.

• Депутат саны: 145 депутат.

• Сайлану мерзімі: 5 жыл.

• Құрылу жолы: Пропорционалды өкілдік жүйе негізінде жалпыұлттық сайлау арқылы жасақталады.

https://www.google.com/
https://arysinfo.kz/







ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ – ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БІР ТОП ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Ақорда төрінде өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі – өнеге болатын, ұлт мүддесі үшін қажырлы қызмет етіп, халықтың ықыласына бөленіп келе жатқан бір топ азаматқа құрмет көрсетті.

Атап айтқанда, көрнекті суретші, танымал өнер қайраткері Бәтима Зәуірбековаға «Отан» ордені, көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбайға I дәрежелі «Барыс» ордені, мемлекет қайраткері Александр Судьинге II дәрежелі «Барыс» ордені табысталды. Белгілі актер, көрнекті театр режиссері Нұрқанат Жақыпбайға «Қазақстанның халық әртісі» атағы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Виктор Хильниченкоға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Қасым – Жомарт Тоқаев марапат иелерін құттықтап, әрқайсысының ел үшін сіңірген еңбегіне жеке – жеке тоқталды.

Президент ұлттық мәдениетімізді дамыту жолында көп еңбек етіп, бейнелеу өнерінде қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленген Бәтима Зәуірбекова отандық гобелен өнері мектебінің негізін қалап, қазақ әйелдері арасынан шыққан осы саладағы тұңғыш кәсіби маман атанғанына назар аударды.

– Шығармашылығыңыз жоғары деңгейде мойындалып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болдыңыз. Халқымыздың тарихын, бітім – болмысын, ою – өрнегі мен салт – дәстүрін дәріптеуге баса мән бердіңіз. Сіздің туындыларыңыз Алматы және басқа да қалалардың әйгілі ғимараттарына көрік беріп тұр. Туындыларыңыз өз елімізбен қатар шет мемлекеттерде сақталуда. Сіздің еңбектеріңізді әлемге белгілі мамандар өте жоғары бағалайды. Ұлттық өнер жолында салған дара жолыңыз жас буын азаматтары үшін тамаша үлгі – өнеге деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым – Жомарт Тоқаев саналы ғұмырын ұлт руханиятын дамытуға арнап келе жатқан көрнекті ғалым, қарымды қаламгер Тұрсын Жұртбай төл тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын зерттеп, халықтың сана – сезімін жаңғыртуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

– Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, жан – жақты дәріптеуге зор еңбек сіңірдіңіз. Абай – ұлттың рухани темірқазығы, өскелең ұрпақтың айнымас бағдары. Шын мәнінде, ұлы ойшылды тану – қазақты тану деген сөз. Сіз Мұхтар Әуезовтің және ұлт қайраткерлерінің мол мұрасы мен өнегелі өмірі туралы құнды ғылыми еңбектер жаздыңыз. Шоқтығы биік көркем шығармаларыңыз арқылы төл әдебиетіміздің құндылығын арттыра түстіңіз, – деді Мемлекет басшысы.



Президент мемлекетіміздің дамуына Тәуелсіздіктің елең – алаңынан бастап белсене атсалысып келе жатқан Александр Судьинге алғыс айтты.

– Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген жылдары

зор құрметке ие болдыңыз. Парламент Сенатының депутаты ретінде халық мүддесін қорғадыңыз. Вице – спикер және Сенат аппаратының басшысы ретінде қазақстандық парламентаризмнің дамуына қосқан үлесіңізді айрықша атап өткім келеді. Сіздің кәсіби еңбегіңіз жоғары бағаланып, Отанға адал қызмет етудің үлгісіне айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай – ақ Президент театр және кино саласында жарты ғасырдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан белгілі режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін жеткізді.

– Көрерменнің көзайымы болған мазмұнды қойылымдарды сахналап, театр әлемінің нағыз майталманы ретінде танылдыңыз. Көптеген пьесалар мен фильмдерде түрлі рөлдерді шебер сомдап, халықтың ыстық ықыласына бөлендіңіз. Бүгінде жас таланттарды өнерге баулып, оларға бағыт – бағдар беріп келесіз. Руханият саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін өзіңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым – Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы кәсіби жолын агрономдықтан бастап «Хильниченко және К» серіктестігінің басшысына дейін көтерілген Виктор Хильниченконың агроөнеркәсіп саласын дамытуға қосқан үлесіне тоқталып, Алматы облыстық мәслихатының депутаты ретінде жемісті қоғамдық қызмет атқарғанын да атап өтті.

– Ең бастысы, қол жеткізген жетістіктеріңізге тоқмейілсімей, алдыңызға жаңа әрі биік мақсаттар қойып келесіз. Аймақтың агроөнеркәсіп әлеуетін көтеруге қосқан зор үлесіңіз қандай бағаға болса да лайық, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін түйіндей келе, қазір Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолына түсіп, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалып жатқанына назар аударды.

– Ұлт тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылданды. Біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдум өткіздік, жаңа Конституциямызды қабылдадық. Азаматтарымыз жаңа Ата заңды бірауыздан қолдап, дауыс берді. Қазақта «Береке бастауы – бірлік» деген жақсы сөз бар. Біз ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, еліміз де өсіп – өркендей береді. Көп ұзамай Қазақстан тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бұл ел өміріндегі маңызды оқиға болмақ. Қазір науқан белсенді өтіп жатыр. Партиялар саяси мәдениеттің озық үлгісін көрсетуде. Алдымызда өте жауапты кезең тұр. Ұлт болып ұйысып, бір ел болып жұмыла еңбек етеміз деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дереккөзі:https://akorda.kz/kz/prezident – kasym – zhomart – tokaev – bir – top – kogam – kayratkerin – memlekettik – nagradalarmen – marapattady

2026 жылғы 12 тамыз









АБАЙ және АХМЕТ байланысы



10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының туған күні. Абайдың туған күні – бір ғана ақынның өмірге келген күнін еске алу емес, қазақтың жазба әдебиеті мен ұлттық ойының жаңа белеске көтерілген уақытын қайта зерделейтін мүмкіндік. Абай мұрасы туралы қанша айтылса да, оның шығармашылық әлемі толық таусылып бітпейді. Өйткені оның поэзиясы мен қарасөздерінде жеке адамның мінезінен бастап, тұтас қоғамның болмысына дейінгі мәселелер қамтылған.

ӨЛЕҢ ӨРНЕГІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің даму жолына көз салсақ, оның шығармашылық ықпалының ең ірі арналарының бірі Ахмет Байтұрсынұлының мұрасынан анық көрінеді. Абай мен Ахмет бір дәуірде өмір сүрмегенімен, олардың қоғамдық ойындағы, ағартушылық ұстанымындағы, ұлттық мүддені қорғауындағы және сөз өнеріне қойған талабындағы сабақтастық айқын. Ахмет Абайды тек ақын ретінде қабылдап қана қойған жоқ, оның қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын арнайы бағалап, кейінгі ұрпаққа танытты. Сондықтан Абай мен Ахмет арасындағы байланысты шәкірт пен ұстаз сабақтастығы, идеялық жалғастық және ұлттық ойдың бір арнада дамуы тұрғысынан қарастырған орынды.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан Абай поэзиясының әсерін ең алдымен өлең құрылысы мен көркемдік тәсілдерден байқауға болады. Соның бір мысалы – Ахметтің «Жиған – терген» өлеңі мен Абайдың «Сегіз аяғы».

Абай:

«Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған»

– деп ерекше ырғақ пен ұйқасқа құрылған жаңа

поэтикалық үлгі қалыптастырса,

Ахмет:

«Қиыннан қиып,
Қиырдан жиып,
Құрап сөзді термекке»

– деп осы ырғақтық жүйені шығармашылық тұрғыдан жалғастырады.

Бұл жерде мәселе тек сыртқы ұқсастықта емес. Екі ақын да сөзді талғап қолдануға, ойды ықшам әрі дәл жеткізуге ұмтылады. Абай қазақ өлеңінің мүмкіндігін кеңейтіп, жаңа ырғақтық құрылымдар енгізсе, Ахмет сол дәстүрді XX ғасыр басындағы қоғамдық оймен сабақтастыра пайдаланды. Демек, Абайдың поэтикалық жаңалығы Ахмет шығармашылығында механикалық қайталау емес, жаңа тарихи жағдайда жалғасын тапқан әдеби дәстүр ретінде көрінеді.

Екі ақынның шығармашылығын жақындастыратын басты мәселенің бірі – ел тағдыры. Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп халықтың әлеуметтік жағдайына, мінез – құлқына, білім мен өнерден кенже қалуына алаңдаса, Ахмет те XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және мәдени мәселелерін шығармаларының өзегіне айналдырды. Осы тұрғыдан алғанда, Ахметтің «Қазақ қалпы», «Қазақ салты» секілді өлеңдері Абайдың елдік мәселелерді көтерген шығармаларымен идеялық тұрғыдан сабақтас.

Алайда олардың тарихи жағдайы әртүрлі еді. Абай XIX ғасырдың екінші жартысында патшалық отарлау саясатының күшейген кезеңінде өмір сүріп, қоғамның ішкі кемшіліктерін сынау арқылы халықты оянуға үндеді. Ал Ахмет XX ғасырдың басында осы қоғамдық мәселелерді саяси деңгейге көтеріп, баспасөз, ағартушылық және қоғамдық қызмет арқылы нақты әрекетке ұластырды. Осы айырмашылықты ескеру маңызды: Абайдың сыни ойы Ахмет дәуірінде қоғамдық – саяси бағдарға айналды.

АБАЙДЫ БАҒАЛАҒАН АХМЕТ

Абай мен Ахметтің сабақтастығын олардың өз шығармаларынан ғана емес, Ахметтің Абай туралы пікірлерінен де көруге болады. Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын айрықша бағалап, оның ұлттық жазба әдебиеттің қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.

«Әдебиет танытқышта» Абайдан кейін қазақ сөз өнерінде талғам қалыптасқанын айта отырып:

«Абайдан кейін сөзге талғау кіреді»

деп бағалайды. Бұл Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи қызметіне берілген маңызды тұжырым. Ахметтің пікірінше, Абай тек жақсы өлең жазып қана қойған жоқ, жақсы сөздің қандай болуы керектігін де көрсетті. Яғни ол ақындық мәдениеттің өлшемін қалыптастырды.

Осы тұрғыдан алғанда, Ахметтің Абайды бағалауы кейінгі абайтанудың бастау көздерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Ахмет Абай шығармашылығын ұлттық әдебиеттің дамуындағы жаңа кезеңмен байланыстыра отырып, оның эстетикалық талаптарын айқындады.

АУДАРМАДАҒЫ ОРТАҚ АРНА

Абай мен Ахмет шығармашылығын жақындастыратын тағы бір сала – аударма. Екі ақын да орыс әдебиетіндегі шығармаларды қазақ оқырманына жеткізді. Әсіресе И. Крылов мысалдарын аударуда олардың шығармашылық жолдары тоғысады.

Ахметтің «Қырық мысалында» кездесетін «Өгіз бен бақа», «Қарға мен түлкі», «Жарлы бай», «Ала қойлар», «Бұлбұл мен есек», «Емен мен шілік» тәрізді сюжеттердің кейбірі Абай аудармаларында да кездеседі.

Бірақ бұл ұқсастықты «Ахмет Абайды қайталады» деген қарапайым түсінікпен бағалау дұрыс емес. Екі ақынның аударма ұстанымында елеулі айырмашылық бар. Абай Крылов мәтінінің мазмұны мен құрылымын қазақ оқырманына мүмкіндігінше дәл жеткізуге ұмтылса, Ахмет мысалдың сюжетін сақтай отырып, оның әлеуметтік және саяси астарын күшейтті. Мысалдың соңындағы түйін Ахмет шығармаларында көбіне қазақ қоғамының нақты жағдайымен байланысып жатады.

Рымғали Нұрғали осы айырмашылықты атап көрсетіп, Абай аудармаларының Крылов түпнұсқасына жақындығын, ал Ахмет аудармаларында сюжет сақталғанымен, қазақ тұрмысына жақын идеялар мен заман тынысын танытатын жаңа ойлардың басым екенін көрсетеді.

Сондықтан Ахметтің «Қырық мысалын» жай ғана тәржіме жинағы ретінде бағалау жеткіліксіз. Ол аударма арқылы қазақ қоғамына жаңа ой әкелді. Яғни Абай бастаған аударма дәстүрі Ахметте ұлттық қоғамдық ойды қалыптастырудың құралына айналды.

ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ОЙ КӨШІ

Абай мен Ахмет арасындағы ең терең үндестіктің бірі – қарасөз бен көсемсөздегі қоғамдық ойдан байқалады.

Абай қарасөздерінде қазақ қоғамының білім, ғылым, еңбек, мінез, билік, мораль мәселелерін талдады. Ахмет осы мәселелердің көпшілігін XX ғасыр басындағы қоғамдық – саяси жағдаймен байланыстыра отырып, «Қазақ» газетіндегі мақалаларында көтерді.

Ахметтің публицистикасы жер мәселесін, оқу – ағарту ісін, денсаулықты, ел басқару жүйесін, сайлауды, заң мен сот мәселесін және ұлттық мемлекеттілік мәселесін қамтыды. Оның «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Жер жалдау жайынан», «Қазақ һәм жер мәселесі», «Би һәм билік», «Қазақ һәм Дума», «Ғылым – білім үйрету» секілді мақалаларында қоғамның нақты мәселелері сөз болды.

Абай қарасөздерінде әлеуметтік – философиялық деңгейде көтерілген мәселелер Ахмет публицистикасында қоғамдық әрекетке бағытталған мазмұн алды.

Мәселен, Ахметтің «Жазушының қанағаты» өлеңіндегі:

«Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп – тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар»

деген ойы Абайдың бірінші қарасөзіндегі ұстанымымен сабақтас. Абай өз ойын жазудың себебін түсіндіре келіп, «кімде – кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын» деген мазмұнда пікір білдіреді.

Екі мәтінде де автор өз сөзінің бүгінгі оқырманға ғана емес, кейінгі буынға да қызмет етуі мүмкін екенін аңғартады. Ақын үшін сөздің құндылығы оның көпшілікке ұнауымен емес, қажет кезінде қажет адамға ой салуымен өлшенеді.

БІЛІМ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЕЛДІК САНА

Абайдың қарасөздеріндегі негізгі мәселелердің бірі – білім мен еңбек. Ахмет шығармашылығының да өзегінде осы ұғымдар тұр.

Ахметтің:

«Білімді болуға оқу керек,
Бай болуға кәсіп керек,
Күшті болуға бірлік керек»

деген сөзі Абайдың екінші қарасөзіндегі ойлармен үндеседі. Абай қазақтың өзге жұрттардан кейін қалу себептерін саралай отырып, олардың кәсіп пен еңбекке бейімділігін мысал етеді. Демек, екі ойшыл үшін де ұлттық ілгерілеудің негізі – білім, еңбек және ұйымшылдық.

Абайдың үшінші қарасөзінде қоғамдағы билікке құмарлық, мансапқорлық, жалқаулық, мақтаншақтық секілді мінездер сыналады. Ахмет те ел басқару, сайлау, болыстық жүйе мәселелерін талқылағанда осы қоғамдық дерттерге назар аударады.

Абай:

«Билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді» деген ой айтса, Ахмет сайлаудың мәнін халықтың саяси сауаттылығы мен жауапкершілігі тұрғысынан қарастырады. Екеуінің де түпкі мақсаты – биліктің жеке бастың пайдасына емес, елдің игілігіне қызмет етуі.

Бұл жерде Абайдың әлеуметтік сыны мен Ахметтің саяси публицистикасы бір – бірін толықтырады. Абай қоғамның мінезін талдаса, Ахмет сол мінездің қоғамдық – саяси салдарын көрсетеді.

ҚАРАСӨЗ БЕН ДАРАСӨЗ

Абайдың жетінші қарасөзіндегі «жан құмары» мен «тән құмары» туралы ойлар адам табиғатын тануға бағытталған. Ол адамның дүниеге келгеннен кейінгі қалыптасуына білім мен тәрбиенің ықпалын ерекше бағалайды.

Ахметтің:

«Ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл», – деген сөзі де тәрбиенің адам қалыптасуындағы рөлін көрсетеді.

Екі ойшыл үшін де адам дайын күйінде қалыптаспайды. Оның мінезі, санасы, дүниетанымы тәрбие, білім және қоғамдық орта арқылы жетіледі. Сондықтан олардың шығармаларында бала тәрбиесі мен ағарту мәселесінің жиі көтерілуі заңды.

Абай адамның ішкі дүниесіне үңілсе, Ахмет осы мәселені ұлттық тәрбие мен ағарту ісімен байланыстырады. Осы арқылы жеке адамның кемелденуі мен ұлттың жаңғыруын бір – бірінен бөліп қарамайды.

СӨЗДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Абай үшін сөз – адамның санасына әсер ететін рухани күш. Ахмет үшін де сөздің қоғамдық жауапкершілігі аса жоғары болды. Оның «Қазақ» газетіндегі

қызметі осы ұстанымның нақты көрінісі.

Ахмет «Әдебиет танытқышта» мақал, афоризм, нақыл сөз секілді жанрлық құбылыстарды теориялық тұрғыдан саралады. Оның өзі де публицистикасында қысқа әрі нұсқа, ойға салмақ түсіретін ділмәр тіркестерді мол қолданды.

Абайдың:

«Ойын арзан, күлкі қымбат», – деген қысқа әрі афористік ойы адамның мінезі мен рухани деңгейін бағалауға бағытталса,

Ахметтің:

«Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін», – деген сөзі ақын мен қоғам арасындағы байланысты көрсетеді. Екі тұлға үшін де сөз – жай көркемдік құрал емес, қоғамды оятатын, адамды ойландыратын, әрекетке бастайтын күш.

«ТОЛЫҚ АДАМНАН» ЕРКІН АДАМҒА ДЕЙІНГІ ЖОЛ

Абайдың шығармашылығындағы «толық адам» идеясы адамның ақыл, қайрат, жүрек үйлесіміне негізделеді. Оның қарасөздеріндегі талап, еңбек, білім, ар, ұят, әділет туралы ойлардың барлығы осы адам концепциясының айналасына жинақталады.

Ахметтің өмірі мен қоғамдық қызметіне қарасақ, Абай шығармаларындағы көптеген ұстанымдардың XX ғасыр басында азаматтық әрекетке айналғанын көреміз. Абай сөз арқылы қоғамның кемшілігін көрсетіп, адамды өзгеруге шақырса, Ахмет сол өзгерісті ағарту, баспасөз, ғылым, тіл білімі және қоғамдық қызмет арқылы жүзеге асыруға ұмтылды.

Сондықтан Абай мен Ахмет арасындағы сабақтастықты тек «бірі екіншісіне еліктеді» деген деңгейде түсіндіру жеткіліксіз. Абай қалыптастырған ұлттық ойдың XX ғасыр басындағы тарихи жағдайда жаңа сипат алып, Ахмет бастаған Алаш зиялыларының қоғамдық қызметінен көрінуі – әлдеқайда күрделі құбылыс.

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Бұл сабақтастықты «Алаш» партиясының бағдарламасынан да аңғаруға болады. 1917 жылы жарық көрген бағдарламада мемлекет құрылысы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін, билік пен сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым – білім және жер мәселелері қамтылды.

Осы мәселелердің басым бөлігі Абай шығармаларында да әртүрлі деңгейде көтерілген. Білім мен ғылым, әділетті билік, жер, ел бірлігі, адамның құқығы мен жауапкершілігі – Абай ойының да, Алаш бағдарламасының да негізгі арналарын құрайды.

Әрине, Абайды тікелей Алаш партиясының саяси бағдарламасының авторы ретінде көрсетуге болмайды. Алайда Абай шығармаларында қалыптасқан ұлттық сана, ағартушылық идея және қоғамдық сын Алаш қайраткерлерінің дүниетанымымен сабақтас болды. Ахметтің Абайға берген жоғары бағасы да осы рухани жалғастықтың маңызды дәлелі.

Сондықтан Абайды Алаш қозғалысының тікелей саяси жетекшісі емес, оның идеялық – рухани алғышарттарын қалыптастырған ірі тұлғалардың бірі ретінде қарастырған орынды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Абай мен Ахмет шығармашылығының үндестігі – қазақ әдебиетіндегі жай ғана әдеби ықпал мәселесі емес. Ол XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі ұлттық ойдың даму логикасын көрсететін маңызды құбылыс. Абай қазақ қоғамының ішкі қайшылықтарын ашып, білім мен ғылымның, еңбек пен талаптың, әділет пен адамгершіліктің маңызын көрсетті. Ахмет осы мәселелерді жаңа тарихи жағдайда жалғастырып, оларды ағартушылықпен, баспасөзбен және қоғамдық – саяси әрекетпен ұштастырды.

Абайдың қарасөздері мен Ахметтің көсемсөздерінде білім, еңбек, елдік сана, тәрбие, билік, жауапкершілік туралы ортақ ойлар бар. Абай поэзиясының ырғақтық – көркемдік үлгілері Ахмет шығармашылығында жаңаша сипатта жалғасты. Аударма саласында да олардың шығармашылық жолдары түйісіп, Крылов мысалдары арқылы ұлттық әдебиеттің мүмкіндігін кеңейтті. Ең бастысы екі тұлға да сөзді халықтың рухани дамуының құралы деп түсінді. Абайдың сөзі қазақ қоғамының өзіне сырттай қарап, өз кемшілігін тануына мүмкіндік берсе, Ахметтің сөзі сол танымды қоғамдық әрекетке ұластырды. Сондықтан Абай мен Ахмет арасындағы байланыстың ең маңызды өзегі – сөзден іске, ойдан әрекетке, жеке адамның кемелденуінен ұлттық сананың жаңғыруына дейінгі сабақтастық.

Абайдың туған күнінде оның мұрасын еске алудың ең мәнді жолы – дайын тұжырымдарды қайталау емес, шығармаларын жаңа қырынан қайта оқу. Өйткені Абайдың өз сөзімен айтқанда, оның сөзінен «керекті сөз» табатын ұрпақ әлі де бар. Ал сол сөзді өз дәуірінің қажетіне жарату – кейінгі буынның міндеті.

Жауынбай Жылқыбайұлы,
https://e – history.kz/
Сурет: ЖИ, Ж.Жылқыбайұлы

«Кең дүниенің есігін ашып далада»...

Қазақтың жыр аққуы атанған ақын қызы, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Марфуға Ғалиқызы Айтхожина – 90 жаста!
(25 тамыз, 1936 жыл, ҚХР, Шыңжаң өлкесі, Құлжа қаласында дүниеге келді).



АНА ТІЛІ

Жататын биіктерде өлшемі тым,
Бір тұтас тауларымның –
Бөлшегісің!
Тағы да тіл жайында толғанайын,
Жазуға құдіретінді келсе күшім!
Түсермін от пен суға мен сен үшін,
Жатса да көп шындықты көмкеріп күн...
Тілі мен діннен жұртты бездіргенде,
Аспаным қақыраған,
Теңселіп шың!..
Тәуелсіз, нұрланды елім, азат күннен,
Аңсаған азаттықты,
Қазақпын мен!
Кешелер, қайғымды айтып күңіренсем,
Жыр жазам, мен осынау –
Ғажап тілмен!
Ойымды Ана тілмен оюлаймын,
Жүректе Ана тілсіз,
Қоюлар мұң.
Құдіретті тілімнің арқасында,
Ешқашан,
Жер бетінен,
Жойылмаймын!
Ар тұтып, ардақтаған азаматын,
Бар ойын,
Ана тілмен жазды ақын.
Салт – сана, ана тілден айырғанда,
Жоюға жанталасты – ау,
Қазақ атын...
Сезімнің тілмен төгіп кестелерін,
Ғасырдан – ғасырларға,
Көшті өнерім!
Ұлтымның ана тіл ғой,
Ар – таңбасы,
Тіл өшпесе,
Менің де өшпегенім!

ТАМЫЗ АЙЫ!

Көншімес көңілім тартпай асылды алға,
Сағыныш саған деген басылған ба?!
Өмірге келген екем,
Өр Талқыда,
Сырлы аспан айдан алқа асынғанда,
Сайрамның көлі толқып қуаныштан,
Толқындар, көкке атылып, тасынғанда!
Кім білген табиғаттың сонша сырын,
Қажымай сол қалпында қалсашы үнің.
Желкілдеп Көксалада, көк бетеге,
Тамызым, әзірлепті мол шашуын!
Тұнығы тынбай тасып Күркілдек те,
Тұрыпты шыңдар бойлап, мұңсыз көкке!
«Мойнына бұршақ салып тілеп алған»,
Жүрегі сол күнгідей дүрсілдеп пе?!.
Ән шалқып, ұлан – асыр той жасапты,
Ойлаған болар, ел – жұрт білсін деп те.
Айдында аққу – қаздар асыр салып,
Тойлапты емін – еркін, ақын халық.
Тербепті сәби үнін Талқытауы,
Бұл күнде Алтай, Балқан жатыр танып!..
Сонша ма таусылғандай тағат бүгін,
Тағы да Талқы жаққа қарап тұрмын!
Өмірге мені әкелген сұлу Тамыз!
Өзіңмен, жаным, сырым,
Жарасты үнім!..
Тамыздың қарсы аламын айын, күнін,
Ерекше болмаса да дайындығым.
Тамызда дүние толқып,
Тамылжиды,
Тамызға арнар менің дайын жырым!
Жайы осы тауда өскен «Қарындастың»,
Өлеңмен өмірімнің зарын бастым.
Енгенше қара жердің құшағына,
Аңсаудан ешқашан да арылмаспын!..

АТАМЕКЕН

Бөктертіп қанжығаға қаншама арман,
Құйылған тасқындайын сан сонардан –
Жалғанда одан асқан бар ма қасірет,
Еліңді, туған жерді аңсағаннан?!
Құралған сан түстерден, сан сәуледен,
Өмірің өтіпті, Анам,
Аңсауменен...
Аңсау дейтін –
Адамның ар – ұяты,
Содан сөніп кетерсің,
Жансаң неден...
Төзімді еді қазақтың халқы қандай,
Сорынан арылмаған, тайқы маңдай!..
Жайым жоқ,
Көрге арқалап кететұғын,
Кезінде айтарымды, айтып алмай!..



Біреуі өзім бе екем, сормаңдайдың,
Қамықпай өтпейді екен,
Толғанбай күн..
Бұл қалың қазағымның қасіреті,
«Сормаңдай!» болғаныма,
Қорланбаймын!..
Тірліктің мәні неде, сәні неде,
Адамның бірдей емес, әрі неге?!.
Өркенін өрбітсін деп, аз қазағым,
Әлемнің шашты ма екен,
Бәріне де?!.
Келетін шуақ күнін тосып батыл,
(Ауылы бауырластың қашықта тұр...)
Атыңнан айналайын,
Атамекен!
Бастарын сол қазақтың қосып жатыр!

НЕ ЖЕТСІН КЕҢ ДАЛАМА

Кең дүниенің есігін ашып далада,
Өмір кешіп келемін мен қалада.
Байтақ дала, алатын мол тынысым,
Сол даладан –
Сәуле түскен санаға!
Далада өсіп, бауыр бастым қалаға,
Қанша уақыт өтіп кетті арада.
Қанып ішпей –
Кәусарынан даланың,
Айтшы, шөлім қана ма?..
Кең даланың таулары да биік тым,
Ержетіп ем,
Лағындай боп киіктің.
Кең даланың жарысып жүріп желімен,
Кең далада табысып ек, сүйіктім.
Тал – бесікті тербетіпсің, жан Ана,
Кең даласыз бақ – жұлдызым жана ма?
Алматыдай, асқақ,
Ару қалада,
Өмір өтіп, күн еңкейіп бара ма,
Не жетсін кең далама!..

МҰСТАФА ӨЗТҮРІК

Арнаған азаматқа ару әнін,
Тимеген жаурыны жерге, палуаным!
Мұстафа!
Қазақ – түркі мақтанышы,
Халқымның аспандатқан аруағын!
Атағын қазақ – түркі аспандатқан,
Өмірің таусылмайтын –
Жатқан дастан.
От шашып қыран көзің сен тұрасың,
Аралап жердің шарын,
Асқарды ассам!..
Тұрасың көз алдымда, асқарды ассам,
Ерлікке бардың қанша, жасқанбастан!
Сүрінбей өтіп едің, сан сүрлеуден,
Тайдырды – ау,
Ажал – тағдыр баспалдақтан...
Кеудеңде тау толқындар тасыттырып,
Қойды өмір, сені арманға асықтырып.
Айналып кеттің дала аңызына,
Табаның –
Туған жерді басып тұрып!
Қастерлі, қайсар едің, таңғалатын,
Жеткізем қалай айтып, жан жарасын?!
Ел – жұртын арқасына сүйеніш қып,
Аңырап, «боздағым» деп
қалды Анашың!..
Ер едің, қайда жүрсең дос табатын,
Кім сендей Ер жігітті жоқтамасын!
Жалғайды өнеріңді, жас өрендер,
Жетіліп артта қалған –
Қос қанатың!..
Кешегі жүзіп өткен Ақтеңізің,
Тербейді, Мұстафаның пәк сезімін.
Бас қосқан Стамбұлда ұлы жиын,
Тебіреніспен еске алып,
Жатты өз ұлын!..

Дереккөздері: https://www.zharar.com/ сайтынан алынды.
Сурет: https://adebiportal.kz/; https://atr.kz



ТҰЛҒАСЫ ТАУДАЙ, ЖАНЫ НӘЗІК ДОСЫМ

Дос адам өмірінде ерекше орын алады. Кез келген адамды дос деп бауырыңа тарта бермейсің анық. Дос саған қолдаушы болуы, жақсы іс – әрекетімен үлгі болуы керек. Менің өмірімдегі ең үлкен жеңістердің бірі – адал дос табуым еді. Сол достардың бірі де бірегейі, әрқашан алдыңғы қатарда үздік бола білген, көптеген жарыстарда жеңімпаз атанып, топ жарған Абдибай Алуа Бейбітқызы.

Әке атын жоғарыдан көрсетіп, ата – тегіне кір келтірмей, талпыныс пен ізденістің соңынан келе жатыр. Достық жолымызға екі жарым жылдай уақыт өтіпті. Әрі екеуміз бір мектепте оқыдық. Сол уақытта мен оны дос деп қана емес, адамгершілігі биік, әділ, шыншыл, жүрегі таза тұлға деп таныдым.

Бір кезде мен ұйымдастырған бір дебатта ол төреші болды. Дәлелді, жүйелі кері байланыс беріп, әділ баға бере білді. Сөз саптауы мен дауыс дикциясы өте ерекше еді. Содан бері дебат өткізсем, бірден Алуаны төреші етіп шақыратын едім. Сол дебаттан кейін ол менімен өз тәжірибесін бөлісіп, өзі қатысқан дебаттар мен қызықты тақырыптарды сөз етті.

Оның маған үлгі болған бір сөзі бар: «Адам мейірімді, жүрегі кең болғанынан ұялмауы керек, керісінше мақтануы керек. Бірақ сол кең жүрегіңді арам пиғылды адамның пайдалануына жол бермеу керек», – деді.

Мектеп өмірінің қай саласына болмасын: сахналық қойылым, дебат, парламент мүшелігі, әскери жарыстар, әдеби оқулар – бәрінде ізденімпаз Алуа жүретін. Оның сол қайсарлығы, ізденімпаздығы өзінен кейінгілерге үлгі болды.

Кейін өзі үш жыл армандаған оқуына, педагогиканың қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетке грантқа оқуға түсіп, әскери педагогиканы таңдады. Бүгінде мектепте оның есімі үлгілі шәкірттер қатарында аталып келеді.

Әрқашан достықта адал болып, өз артынан еріп келген іні – сіңлілеріне қолдау білдіріп, ақыл – кеңесін аяған емес. Оған дәлел – өзі сияқты әскери жарыстарға қызыққан, талабы мен талпынысы бар серіктестеріне жол көрсетіп, жөн сілтеп, көп нәрсені үйретіп, олардың да жарыстардан жүлделі орын алуына себепкер болғаны еді.

Бүгінде өзі ұстаз болған ардақты буын достары өзі сияқты әскери педагогиканы таңдап отыр. «Жақсының аты өшпес, ғалымның хаты өшпес» деген осы болса керек. Өмірінің алғашқы тармағында – ақ көп нәрсені игеріп, көп нәрсені үйрете білді.

Үлкендерді сыйлап, ұстаздарына қолқанат бола білуі, өзгенің жетістігіне шынайы қуана білуі – оның көрген тәрбиесінің арқасы екені анық.

Дос әр ісімен үлгі, әр әрекетімен өнеге бола білсе, саған жақсылықты сіңіре білсе, ол – нағыз дос. Ондай достық адам жанын аздырмайды, керісінше алға қарай оздырады. Жақсы адаммен адал достық құруға әрқашан тырысыңыздар. Әрқашан тұлғасы таудай досты бағалай білу керек.

Ізденімпаз, адал адамның болашағы жарық, жолы нұрлы екені сөзсіз.

СЛАМЖАНОВ Бекзат,
Алматы облысы, Іле ауданы,
Өтеген батыр ауылы
«№ 24 лицейдің» түлегі.
Әл – Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық угиверситетінің грант иегері.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

Сурет: мақала кейіпкерінің келісімімен жолданды.



Астаналық оқушының ғылыми мақаласы Oxford журналында жарияланды

Астана қаласындағы Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Аэлита Әділханның ғылыми-зерттеу жұмысы халықаралық Oxford Journal of Student Scholarship студенттік ғылыми журналында жарияланды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.



Жас зерттеушінің «Evaluating the Role of Goat Milk Bioactives in Immune Modulation of Seasonal Allergic Rhinitis» атты ғылыми мақаласы маусымдық аллергиялық ринит жағдайындағы ешкі сүтінің биологиялық белсенді компоненттерінің ықтимал әсерін зерттеуге арналған.

Зерттеу барысында ешкі сүтінің құрамындағы пептидтер, олигосахаридтер және май қышқылдары секілді биологиялық белсенді заттардың иммундық жүйемен байланысы қарастырылған. Автор олардың иммундық жауапты реттеудегі ықтимал рөлін және маусымдық аллергиялық ринит жағдайындағы әсерін ғылыми тұрғыдан зерделеген.

Аллергиялық ринит – маусымдық кезеңдерде көптеген адамның өмір сапасына әсер ететін кең таралған мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, жас зерттеушінің жұмысы тағам құрамындағы табиғи биологиялық белсенді заттардың иммундық жүйемен өзара байланысын ғылыми тұрғыда қарастыруымен ерекшеленеді.

Аэлита Әділханның мақаласы 2026 жылғы 11 тамызда жарияланған. Зерттеу жұмысына жеке DOI нөмірі берілген.

Жас зерттеушінің халықаралық студенттік ғылыми басылымда мақаласының жарық көруі – оның ғылымға деген қызығушылығы мен зерттеу жүргізу дағдысының нәтижесі. Мұндай жұмыстар оқушылардың академиялық ізденісін арттырып қана қоймай, ғылыми ойлау қабілетін қалыптастыруға және халықаралық білім кеңістігіне шығуына мүмкіндік береді.

Астана қаласының білім беру жүйесінде оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, ғылыми жобаларға қатысуына және заманауи ғылым бағыттарын меңгеруіне ерекше мән берілуде. Аэлита Әділханның жетістігі – елордалық оқушылардың ғылыми – зерттеу бағытындағы әлеуетін көрсететін жарқын мысалдардың бірі.

Айта кетейік, Аэлита Әділхан бұған дейін де халықаралық ғылыми жобаларға белсенді қатысып келеді. Ол әлемнің әр елінен дарынды оқушыларды біріктіретін Нью – Йорк ғылым академиясының Junior Academy халықаралық бағдарламасына Қазақстаннан өткен бес оқушының бірі атанды. Бағдарлама аясында оқушылар биотехнология, инженерия және тұрақты даму бағыттарындағы ғылыми жобалар бойынша халықаралық командаларда жұмыс істейді.

Сонымен қатар жас зерттеуші волонтерлік және ағартушылық жұмыстарға да белсенді қатысады. Оның 170 сағаттан астам еріктілік тәжірибесі бар. Аэлита ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға фортепиано мен орыс тілінен сабақ беріп, қазақ балаларына ана тілін үйретуге бағытталған жобаларға атсалысқан.

Сондай – ақ биоинженерия саласындағы ғылыми жаңалықтарды құрдастарына таныстырып, жастардың ғылымға қызығушылығын арттыруға үлес қосып келеді.

Дереккөзі: Астана қаласының әкімдігі – https://www.gov.kz/

СУ – XXI ҒАСЫРДЫҢ АЛТЫНЫ



Адамзат тарихында алтын, мұнай, газ сияқты табиғи байлықтар ең құнды қазына саналып келді. Алайда XXI ғасырда олардың орнын біртіндеп су басып келеді. Өйткені су – тіршіліктің бастауы ғана емес, адамзат өркениетінің, экономиканың, ауыл шаруашылығының және табиғаттың өмір сүруінің басты кепілі. Қазақ халқы ежелден судың қасиетін ерекше бағалап, «Судың да сұрауы бар» деген нақыл сөз қалдырған. Бұл мақал табиғаттың әрбір сыйын ысырап етпей, ұқыпты пайдалануға үндейді. Бүгінде климаттың өзгеруі, халық санының көбеюі, өндірістің қарқынды дамуы мен судың бейберекет жұмсалуы әлемдегі су тапшылығын күшейтіп отыр. Сондықтан қазіргі кезеңде су жай ғана табиғи ресурс емес, мемлекеттердің стратегиялық қауіпсіздігін айқындайтын ең маңызды байлыққа айналды.

Жер шарының шамамен 71 пайызын су алып жатқанымен, оның небәрі 2,5 пайызы ғана тұщы су болып табылады. Оның да басым бөлігі мұздықтар мен жер асты қабаттарында сақталғандықтан, адамдар пайдалана алатын су қоры өте аз. ЮНЕСКО – ның 2024 жылғы Дүниежүзілік су ресурстарының дамуы туралы «Гүлдену мен бейбітшілік үшін су» (Water for Prosperity and Peace) баяндамасында су тапшылығы, мемлекеттер арасындағы су ресурстарын бөлу мәселелері және климат өзгеруінің қауіптері айтылған. 2022 жылы әлемде 2,2 миллиард адам қауіпсіз ауыз суға толық қол жеткізе алмаған. Сонымен қатар әлемдегі тұщы судың шамамен 70 – 72 пайызы ауыл шаруашылығына жұмсалады. Бұл деректер судың болашақтағы ең бағалы табиғи ресурсқа айналып келе жатқанын айқын көрсетеді.

Қазақстан да су мәселесінен тыс қалған жоқ. Ел аумағындағы өзендердің едәуір бөлігі көршілес мемлекеттердің аумағынан бастау алады. Сондықтан трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану еліміздің су қауіпсіздігі үшін ерекше маңызды. Соңғы жылдары климаттың өзгеруі салдарынан мұздықтардың көлемі азайып, құрғақшылық жиілеп келеді. Су тапшылығы ауыл шаруашылығының дамуына, азық – түлік қауіпсіздігіне және халықтың әл – ауқатына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты Қазақстан Үкіметі су ресурстарын басқарудың жаңа жүйесін қалыптастырып, 2024 – 2028 жылдарға арналған су саласын дамыту жоспарын қабылдады.

Су тапшылығы тек табиғи мәселе емес, ұлттық қауіпсіздік мәселесіне де айналып отыр. Су азайған сайын егіннің шығымы төмендейді, мал шаруашылығы қиындыққа ұшырайды, азық – түлік бағасы қымбаттайды. Мұндай жағдай әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа кері әсер етеді. Сондықтан суды ұтымды пайдалану – әрбір мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Су – экономиканың да негізгі қозғаушы күші. Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика сияқты маңызды салалардың барлығы суға тәуелді. ЮНЕСКО мәліметінше, төмен табысты елдердегі жұмыс орындарының шамамен 80 пайызы су ресурстарымен байланысты. Бұл көрсеткіш судың тек табиғи байлық емес, экономикалық дамудың да негізі екенін дәлелдейді.

Суға ұқыпсыз қараудың ең үлкен мысалдарының бірі – Арал теңізінің экологиялық апаты. Бір кездері әлемдегі ең ірі көлдердің бірі болған Арал бүгінде адам әрекетінің салдарынан қатты тартылып кетті. Соның салдарынан аймақтағы климат өзгеріп, тұзды дауылдар көбейіп, халықтың денсаулығына қауіп төнді. Бұл оқиға табиғаттың заңдылығын елемеудің

қандай ауыр зардаптарға әкелетінін көрсетті.

Қазақ әдебиетінде де су мен табиғаттың қадірі ерекше дәріптеледі. Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында көл – тазалықтың, табиғаттың және тіршіліктің символы ретінде бейнеленеді. Ақын адамның табиғат заңдылығын бұзуы ақырында өзіне қайғы болып оралатынын көрсетеді. Бұл шығарма арқылы оқырман табиғатты, соның ішінде су көздерін қорғаудың қасиетті міндет екенін түсінеді.

Ал Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында қазақ жерінің көркем табиғаты, мөлдір көлдері мен бұлақтары ерекше шабытпен суреттеледі. Ақын табиғатты халықтың ең асыл қазынасы ретінде бейнелей отырып, туған жердің әрбір өзені мен көлін көздің қарашығындай сақтау қажеттігін меңзейді. Бұл шығарма бүгінгі экологиялық мәселелермен үндесіп, табиғатты қорғауға үндейтін маңызды туынды болып табылады.

Су тапшылығын азайту үшін әрбір адам күнделікті өмірінде суды үнемдеуді әдетке айналдыруы керек. Ауыл шаруашылығында тамшылатып суару технологияларын кеңінен қолдану, өндірісте суды қайта пайдалану жүйесін енгізу, ескі су құбырларын жаңарту және жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі күннің басты міндеттері. Табиғатты қорғау мемлекеттік деңгейде ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігінен басталады.

Қорыта айтқанда, XXI ғасырда су – алтыннан да қымбат байлық. Егер өткен ғасыр мұнай дәуірі болса, бүгінгі ғасыр – су дәуірі. Су болмаса адамзаттың өмір сүруі де, экономиканың дамуы да, табиғаттың тепе – теңдігі де мүмкін емес. Сондықтан әрбір тамшы суға жауапкершілікпен қарау – келешек ұрпақ алдындағы азаматтық парызымыз. Қазақтың «Судың да сұрауы бар» деген даналық сөзі бүгінде бұрынғыдан да өзекті. Суды қорғау – өмірді қорғау, ал өмірді қорғау – болашақты қорғау.

БАҚЫТЖАН Ерсайын,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Қожабақы ауылы, «№25 орта мектептің»
11 – сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. UNESCO. World Water Development Report 2024: Water for Prosperity and Peace.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. 2024 – 2028 жылдарға арналған су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар.

3. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми материалдары.

4. Мұқағали Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.

5. Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы.

Сурет: ЖИ, жолдаған автор





Астаналық оқушы тұшпара жасап, өз кәсібін дамытып жүр

Астана қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп – лицейінің 7 – сынып оқушысы Бейсен Тәңірберген үйінде тұшпара жасап, табыс тауып отыр, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Жас кәсіпкер 6 жасынан бастап қамыр жайып үйренген. Алғашында анасына көмектесуден бастаған Бейсен бүгінде әпкесі Дариғамен бірге тұшпара түйіп, бұл істі шағын кәсіпке айналдырған. Олар күніне 8 – 12 келіге дейін тұшпара дайындайды.

«Балаларымның күн тәртібі нақты жоспарланған. Олар сабақтан кейін қосымша үйірмелерге қатысады. Одан соң тапсырыс көлеміне қарай күніне 1 – 2 сағат тұшпара түйеді. Көбіне дүкендерден арнайы тапсырыстар түседі. Мен балаларға өнімді сату және өткізу жағына көмектесемін», – дейді Бейсеннің анасы Рысжан ханым.

Оқушы үшін бұл кәсіп – тек табыс көзі емес, еңбекке, жауапкершілікке және уақытты тиімді жоспарлауға үйрететін тәжірибе. Бейсеннің айтуынша, болашақта кәсібін одан әрі дамытып, жаңа өнім түрлерін шығарғысы келеді.

Астана қаласының әкімдігінің ресми сайтынан алынды.

Жас спортшы аудан әкімінің қабылдауында болды

Теңізбаев Нұрбақыт Молдахметұлын "Әділет" партиясы Құрылтай депутаты болып сайлануымен құттықтаймыз!

Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы Тұйық ауылының тумасы, грек – рим күресімен айналысып жүрген жас спортшы Тоқтар Сабыржан Мұхитұлын қабылдап, жеңісімен құттықтады.



Сабыржан 4 сыныпты тәмамдап, 5 сыныпқа қадам басқан талапты да талантты жас спортшы.

Ол грек – рим күресінен жаттығып, спорттағы алғашқы жетістіктерін бағындыруға талпынып келеді.

Қабылдау барысында аудан әкімі жас спортшының спортқа деген қызығушылығына қолдау білдіріп, алдағы жарыстарда биік белестерді бағындыруына тілектестігін жеткізді.

Сондай – ақ жасөспірімге ақыл – кеңесін айтып, еңбеккорлық пен табандылықтың спорттағы жетістікке бастар басты жол екенін атап өтті. «Жас спортшы – ел болашағы. Бүгінгі талпыныс пен тынымсыз еңбек ертеңгі үлкен жеңістердің бастауы» – деген аудан әкімі жас спортшыға сәттілік тілеп, спортта ел намысын абыроймен қорғауына сенім білдірді. Жас балуанға алдағы жарыстарда сәттілік, мықты денсаулық және жеңіс тұғырынан көрінуді тілейміз!

Кеген ауданы әкімдігінің Instagram парақшасынан алынды.
13 тамыз, Алматы облысы

Лудомания – қоғамның дерті

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазіргі заманда әлеуметтік желілер жасөспірімдер мен ересектердің күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда олардың ішінде құмар ойындарды жарнамалау мен насихаттау да кеңінен таралып келеді. Құмар ойындар адамның психикалық денсаулығына кері әсер етіп, қаржылық шығынға ұшыратады және әлеуметтік оқшаулануға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тәуелділік жеке тұлғаның құлдырауына, отбасылық қарым – қатынастың бұзылуына, оқу мен еңбек өнімділігінің төмендеуіне себеп болады. Сондықтан құмар ойындардың зиянын түсініп, олардың алдын алу шараларын қолдану өте маңызды.

Ойынға тәуелділікті лудомания деп атайды. «Лудоман» сөзі «есі ауысқанша ойнау» деген мағынаны білдіреді. Мамандардың айтуынша, құмар ойынға тәуелді адамдардың басты қателігі – тез әрі оңай байып кетуге болады деген жалған сенімге берілуі. Олар үлкен ұтысқа жетемін деген үмітпен ойынды тоқтата алмайды.

Ойынға тәуелді адамдар уақыт өте келе виртуалды әлемге беріліп, шынайы өмірден алшақтай бастайды. Жеңілген сайын немесе ойынға қатыса алмаған кезде күйзеліс, мазасыздық, ашушаңдық және ұйқының бұзылуы сияқты белгілер байқалады.

Қазіргі таңда онлайн – казинолардың кең таралғаны жасырын емес. Көптеген сайттар мен әлеуметтік желілерде олардың жарнамасы жиі кездеседі. Соның әсерінен кейбір жасөспірімдер мен жастар тез әрі оңай ақша табуды көздеп, құмар ойындарға қызыға бастайды. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, мектеп жасындағы балалардың 700 мыңнан астамы, яғни шамамен 20% – ы, кем дегенде бір рет бәстесуге немесе құмар ойынға қатысқан. Кейбір адамдар





ойынға ақша тігіп, отбасылық бюджетті тауысып, қарызға батады. Қарызды өтеу үшін ұрлыққа, алаяқтыққа немесе басқа да заңсыз әрекеттерге баруы мүмкін.

Лудоманияның алдын алу үшін негізгі белгілерін білген жөн.

Лудоманияның негізгі белгілері:

1. Құмар ойын туралы үнемі ойлау.
2. Ұтылған ақшаны қайтаруға тырысу.
3. Ойынға шамадан тыс уақыт пен ақша жұмсау.
4. Жақындарынан ойынға қатысты шындықты жасыру.
5. Мінез – құлқының өзгеруі: ашушаңдық, күйгелектік, тұйықтық және жауапкершіліктен қашу.

Лудомания – ресми түрде психикалық тәуелділік ретінде танылған ауру. Егер дер кезінде көмек көрсетілмесе, оның салдары өте ауыр болуы мүмкін. Сондықтан мамандар мынадай емдеу жолдарын ұсынады:

1. Психолог немесе психотерапевт көмегіне жүгіну.
2. Когнитивті – мінез – құлық терапиясын қолдану.
3. Отбасы мен жақындарының қолдауына сүйену.
4. Қаржыны бақылап, құмар ойын сайттарына қолжетімділікті шектеу.
5. Спортпен айналысу, кітап оқу және жаңа пайдалы әдеттерді қалыптастыру.
6. Құмар ойындарға шақыратын адамдармен байланысты үзу.

Қорытындылай келе, лудомания – қоғам үшін қауіпті, бірақ емдеуге болатын тәуелділік. Ең бастысы – мәселені дер кезінде мойындап, мамандардың көмегіне жүгіну. Әр адам өз болашағын құмар ойынға емес, білімге, еңбекке және дұрыс өмірлік таңдауға негіздегені жөн. Сонда ғана бұл қауіпті дерттің алдын алуға болады.

САҒАТОВА Нұрина,
Абай облысы, Семей қаласы, «№50 IT – лицей мектебінің» 11 – сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



ӘДІЛ Балта – балалар жазушысы. Қарақалпақ АССР-ы Мойнақ ауданы, Әлиауыл поселкесінде дүниеге келген. 1973 жылы Қожелі педагогикалық училищесін бітірген. Көп жыл мұғалім болып қызмет еткен. Кейін әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетін сырттай бітірген. 1993 жылы Қазақстанға келіп, «Ұлан» газетінде, «Мөлдір бұлақ» журналында қызмет істеген. «Атамның жұлдызы», «Алданыш», «Інімнің өкпесі», «Тырналар келе жатыр», т.б. кітаптары жарық көрген. Қазақстан Журналистер одағының С.Ерубаев атындағы сыйлығының лауреаты. Балаларға арналған бірнеше жабық конкурстардың жүлдегері.

Жазушының қысқа әңгімелерін оқырманға тарту ретінде ұсындық.

Білім бұлағы

Теледидар мен кітап сөресі бір бөлмеде. Теледидар мұндай да мақтаншақ болады екен-ау. Бөлме ішін жалғыз өзі билеп алған. Беті бүлк етсейші шіркіннің. Ар-ұят дегеннен жұрдай. Қазақ деген ұлы елдің шұрайлы тілі бары қаперінде жоқ. Күні-түні ауыз жаппай бөгде тілде сөйлейді, салатыны – сорақы ән, көрсететіні атыс – шабыс, құбыжық бірдеңелер...

Үйдегі ерке бала Тағанбайдың қашан көрсең, есіл – дерті осы көгілдір экранда. Біреуді біреу өлтіріп жатса да, денесі шімірікпейді. Керісінше, мәз. Күнұзақ, тіпті түн жарымы ауғанша қылқиып отырғаны отырған. Ертең оқу, сабаққа дайындалайын-ау деген қылдай ой болсайшы.

Ал сөредегі кітаптар оған: «Теледидардан пайда жоқ. Одан да кітап оқы!» – деп ақыл айтқысы келеді. Айтқанмен, бәрібір Тағанбай тыңдамайды.

Сөреде мүлгіп тұра беру де мезі етеді екен. Тағанбай осы кезге дейін біреуінің де бетін ашып көрмеді – ау. Иесіз қалды деген осы. Қарап тұрып тозып барады. Тұла бойынан шаң мен тозаң иісі аңқиды. Көршісі теледидар деген немеге өкпелері қара қазандай. Барып тұрған сиқыр өзі. Жан біткенді бірден баурап ала қоятынын қайтерсің. Алдамшы көріністермен алдап – арбап, «тұтқындап» алған. Тағанбай түгіл, әке – шешесі де кейде мойынсұнғандарын байқамай қалады.

Не керек, мына әділетсіздік кітаптардың әбден жүйкесіне тиді. Әрине, шыдамның да шегі бар. Тағанбай сыртқа шығып кеткен кезде бәрі жабылып, шектен шыққан пәленің сазайын бергісі келген.

– Әй, сен осы қашанғы еркінси бермексің? – деді жуан Кітап ортадан бас көтеріп. – Тағанбайды әбден улап біттің ғой. Ұят бар ма өзіңде?

Теледидар оған пысқырған жоқ. Жарқ – жұрқ еткен дәу көзімен тесіле қарады. Жүзінде – менсінбеушілік.

– Маған ақыл айтатын кімсің сен? – деді мысқылдай күліп.

– Біз ақылдың кені – Кітап деген ел боламыз, – деді Дәу Кітап. – Бізді білмеуіңе қарағанда, көрсоқыр екенің көрініп тұр.

– Көрсоқыр... – Теледидар мырс етті.

– Құдай біледі, кімнің көрсоқыр екенін. Балалар сендерді емес, мені жақсы көреді. Сендерді қазір ешкім де оқымайды. Мен тұрғанда сендерге бас қатырып қайтсін.

Дәу Кітап үнсіз қалды. Онысы, шындық, әрине. Әйтсе де, кеше ғана дүние есігін ашқан мына бозөкпе сандықшасымақтың астамшылығына шыдау мүмкін емес еді.

– Төбесін ояр ма еді, – деді «Батырлар жыры» кітабы кіжініп.

– «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деген осы, – деді «Шешендік сөздер» кітабы.

– Жалғыз көзді дию сияқты түрің бар болсын! – деді «Ертегілер» кітабы. Дәу кітап олардың күңкілін әрең басты.

– «Үмітсіз – шайтан», – деді ол әріптестерін сабырға шақырып.

– Асықпаңдар. Бізді де құрметтейтін, қадір тұтатын талапты біреу табылар. Осы кезге дейін адам баласына адал қызмет еттік. Талай ғасырлар бойғы еңбегіміз ескерусіз қалмас. Жалт-жұлт еткен алдамшы сәуледен жалығар. Бізге де мойын бұрар кез келер. Шыдаңдар, баға жетпес асылдарым.

Әрине, ескінің көзі, талай толқынды тәрбиелеп шығарған Дәу Кітаптың айтқаны – заң. Өрекпіген көңіл сабасына түсті.

* * *

Кітаптардың иесі – Тағанбайдың туған ағасы Аманбай болатын. Жинаған – сол. Обалы не, кітап десе, ішкен асын жерге қоятын. Қолы қалт етсе, кітаптан бас алмайды. Әрине, көп оқудың пайдасы тиді. Қазір белгілі ғалым. Сонау Астанада тұрады. Жақында жаңалық ашыпты. Жүрген жерінде «Кітап оқыңдар.

"Бар білім – кітапта" деп жас ұрпаққа өсиет айтатын көрінеді. Оған да шүкір. Жақсылықты ұмытпапты. Шіркін, сондай бұларға деген ниеті түзу жандар көп болса ғой. Ондай қайда – а?..

Кітаптар оның інісі Тағанбайдан да жақсылық күткен. Үміт ақталмады. Оқудың орнына көрсетпегені жоқ. Беттерін аяусыз сызғылады. О кезде әлі оқуға бармаған – тын. Аяғымен теуіп ойнайтын. Беттерін дар – дар жыртты да. Кітаптар, амал жоқ, көнді. «Есейе келе, ақылға келер» деп үміттенді. Олай болмады. Бұларға деген шабуыл одан сайын өршіді.

Тіпті өткен қыста жасаған зұлымдығы кітаптардың өмір бойы есінен кетпес. Тағанбай пешке от жақпақ болған. От ә дегенде тұтана қоймады. Бір кезде әлдене есіне түскендей ұшып тұрды да, кітап сөресіне келді. Бұларда зәре жоқ. Жүрегі құрғыр әлдебір сұмдықты сезгендей дір-дір. Бекер қобалжымапты. Тағанбай ойланбастан шеттегі кітаптың бірін сырып алды да, пеш алқымына тықты да жіберді. Кітаптар мұндай сұмдықты бұрын-соңды көрмеген. Зәрелері ұшып, еріксіз көздерін жұмды. Қамықты. Іштері удай ашыды.

Әлгі кітап Кітаптардың ең төресі болатын. Оқиғасы қызықты. Оқыған адамды бірден баурап әкететін. Шіркін, тілі қандай шұрайлы десеңші. Қайран білім кені әп – сәтте көзден ғайып болды. Қып-қызыл жалынға оранып, күлге айналды. Обал дағы-ай... Бала Тағанбайдың санасында «мен жауыздық жасадым-ау» деген титтей де ой болған жоқ. Теледидардан ылғи да жауыздыққа толы кино көріп, әбден еті үйреніп кеткені көрініп тұрды. Бұл қатыгездік қыс бойы әлденеше қайталанды.

Талай кітаптар зұлымдықтың құрбанына айналды. Әйтсе де, кітаптардың мұрты шағыла қойған жоқ. Әрине, көптің аты – көп. Әлі де жалғаса берер ме еді, кім білсін. Көктем келіп, бағы ашылды. Күн жылынған соң пешке от жағу тоқтады.

Кітаптардың әлі естерінде. Бұдан екі – үш жыл бұрын Тағанбайдың нағашы атасы үйге қонаққа келген. Аппақ сақалы күмістей жарқырайды. Ойлы. Сөзіне қарағанда, қырық жылдан астам мектепте мұғалім болған. Өзі кітапты жанындай жақсы көреді екен.

– Не деген байлық, – деп, атай кітап сөресіне



сүйсіне қараумен болды.

– Балалардың жинап жүргені ғой, – деп немқұрайды жауап берді Тағанбайдың әкесі.

– Пәле болды. Осылардың кесірінен қаншама дүниеміз далада жатыр.

Атай оған жақтырмай қарап қойды. Бұл кезде Тағанбай кітап сөресінен бір кітапты суырып ап, «ойнап» отырған. Бетін ашып, суреттерін әне – міне бояуға кіріскен. Атай кітапты қолынан жұлып алды. Онымен де қоймай, шапалақпен сарт еткізді. Кітаптардың айызы мұндай қанбас. Атай оған кітап деген білім мұхитының қадір-қасиеті туралы әңгімелеудей-ақ әңгімеледі. Бірақ Тағанбайға бұл сабақ болмады. Кітапқа деген қызығушылығы оянбады. Қашан көрсең, ту сыртын беріп, баяғыша теледидарға үңіліп отырғаны.

* * *

Кітаптардың әлі де көрмегені алда екен. Бірде үй іші түгел таңертеңгі шайларын ішіп отырған. Тағанбайдың шешесі қызық кісі. Тұла бойы толы алтын. Саусақтары, аузының іші жарқ-жұрқ. Құлағында күміс сырға. Жатса да, тұрса да айтатыны – дүние-мүлік, ақша, байлық.

– Анау кітаптарды құртыңдар. Сарайға апарып тастай салыңдар, – деді бір кезде ол.

– Орнына хрусталь ыдыстарды қояйық.

– Мен де соны ойлап жүргем, – деп әкесі қостай кетті.

– Қағаздан не пайда? Хрусталь ыдыстар тұрғанда... Хрусталь үйдің көркін кіргізеді.

Тағанбай мен әкесі бірден іске кірісті. Кітаптарды құшақтап, сарайға тасыды. Қалай болса солай еденге дүрс-дүрс тастай салды. Қайран кітаптар кішігірім шөмеле боп үйілді. Бірінің үстінде бірі. «О, Құдай, көрсетпегенің көп екен ғой», – деп күңіренді олар. Бұрын мұндай қатыгездікті көрмеген кітаптардың жан күйзелісі адам төзгісіз еді.

– Қысылып өліп барам, – деді ең астындағы қылдырықтай Балалар кітабы тыпырлап.

– Шыда, мен де оңып жатқам жоқ, – дейді одан сәл үлкендеу балалар кітабы. – Обалымыз – Тағанбайға... Біздің киеміз жібере қоймас оны.

– «Шыда, шыда» дейсіңдер. Қашанғы шыдаймыз? – дейді үстіңгі кітаптардың бірі төмен қарай құлдилап бара жатып.

– Өмірге тойдым әбден. Бұдан отқа жанып кеткенім жақсы еді.

– Тағанбай аман болса, әлі-ақ бәріміз от құшамыз, – деді үйінді арасынан бір шеті ағараңдаған толықша Кітап.

Не керек, бәрінің Тағанбайға деген реніші, өкпесі қара қазандай. Бірақ оны естіп-біліп жатқан Тағанбай жоқ. Ештеңеден хабарсыз. Бұрынғыша теледидарға үңілумен күні мен түнін өткізіп жатты. Қайран, қор болған уақыт...

Кітаптардың орнына жайғасқан хрустальдар келген-кеткеннің көз жауын алады. Отырғандарға жарқ-жұрқ етіп, жымысқы жымияды. Сыңғыр еткен күлкілері қандай әдемі. Жұртты өздеріне еріксіз жалт қаратады.

– Оho, бөлмелерің жайнап кетіпті ғой, – дейді келген-кеткендер ауыздарының суы құрып.

– Иә. Бұрын бұнда кітаптар тұратын. Көзін құрттық. Қайтеміз, үйдің ішін ыбырсытып. Одан да қымбат ыдыстардың тұрғаны жақсы емес пе? – деп мақтанады Тағанбайдың шешесі.

* * *

Тағанбаймен бірге оқитын көрші Танабай қақ – соқпен ісі жоқ, салмақты бала. Балалармен көп араласады. Онымен бәрі дос. Он саусағынан өнер тамады. Еңбекқор. Қашан көрсең, бірдеңемен шұғылданып жатқаны. Үйдегі орындық, үстел – бәрі Танабайдың қолынан шыққан. Сондықтан да ауылдағылардың Танабайға ісі түспей тұрмайды. Жалқау баланың өнерлі баланы қашан да ұнатпайтыны белгілі. Тағанбай көршісін онша жақтырмайды. Оған себеп көп. Сыныптағылар мұны көзге іле бермейді. Ал Танабай десе, бәрі түгел ішкен астарын жерге қояды. Әсіресе қыздар... Оны көрсе, жымыңдап қоя беретінін қайтерсің. Бірдеңе болса, сонымен ойласып – кеңесіп шүйіркелесіп жатқандары. Тағанбай бейне бір артық адам сияқты сырт қалады. Ал қызғанбай көр. Иә, ақылды да өнерпаз бала тұрғанда, сабағынан түк білмейтін, теледидардан басқа ермегі жоқ жалқау баланы қайтсін?!.

Өткенде Танабай өздерімен сыныптас Гүліммен бас түйістіріп отырғанын көргенде, іші өртеніп кете жаздады. Гүлім – сыныптағы ең сұлу қыз. Тағанбайды онша ұнатпайды. Бірдеңе десе, бетін қайтарып тастайды. Сыныпта онымен достасқысы келмейтін бала жоқ. Тағанбай да солардың бірі. Бәрінің де тұмсығы тасқа тиген. Беті қайтып қалған. Гүлімнің кемшілікті бетке айтатыны бар.

Тағанбай шарбақ тесігінен сығалап көп тұрды. Аулада екеуден-екеу. Танабай қандай бақытты. Екеуі кітап оқып отыр. Гүлім сықылықтап күледі. Қалайша күймессің? Тағанбай осы кезге дейін Гүліммен бас түйістірмек түгіл, жанына жақындап көрді ме екен?

– Демалыста не істеп жатырсың? – дейді Гүлім оған.

– Газет-журнал, кітап оқудан қазірше қол тиер емес.

– Айтпақшы, жақында газетте сенің өлеңің шықты емес пе? Өлең жазып жүрсің бе?

– Иә. Саған арнаған өлеңім бар.

– Оқышы, кәне.

– Жоқ, кейін... Өскен соң...

Гүлім сыңғырлап күлді. Қандай керемет. Тағанбайдың одан әрі қарай қарап тұра беруге дәті жетпеді. Бұрылып кетті. Үйге кірді. Теледидарды қосты. Қызықты атыс-шабыс кино болып жатыр екен. Ә демей бәрін ұмытты.

Көрші болған соң, кейде Тағанбай мен Танабайдың бастары қосылып қалатыны бар. Бүгін екі көрші сарай алдындағы орындықта әңгімелесіп отырды.

– Кітаптарды сарайға шығарып тастады деп естідім. Рас па? – деді бір кезде Танабай.

Қайдан естіген десеңші. Тағанбай іштей қуанып кетті.

– Рас.

– Қажет болмаса, маған бер.

– Жарайды, – деді Тағанбай жымысқы жымиып.

– Бір шартым бар. Орындасаң, кітаптың бәрі сенікі.

– Ол қандай шарт?

– Бүгіннен бастап Гүлімге жоламайсың. Достық қарым-қатынасты үзесің. Ол қыз саған лайық емес.

– Мен емес, қыздың өзі қаласа ше?

Тағанбай не дерін білмей, үнсіз қалды. Сарай ішіндегі кітаптар елең етісті. Екеуінің әңгімесі ап – анық естіледі. Үміт оты жылт еткендей. Тағанбай орнынан тұрды да, сарайдың есігін асыға ашып жіберді.

– Міне, саған кітап керек болса...

Үйінді боп шашылып жатқан кітаптарды көргенде, Танабайдың таңданғанын көрсең...

Сыз еденде шашылып жатқан оларды қатты аяды.

– Ала бер, – деп Тағанбай қолын бір сілтеді.

– Онсыз да оны қайда тығарымызды білмей жатырмыз.

Танабайдың қуанышында шек жоқ. Бар кітапты түк қалдырмай қолтырбасымен үйіне тасып алды.

– «Кітап, кітап» деп миымызды жеуші едің. Қарық боп қалыпсың ғой, – деп әкесі мен шешесі мәз.

– Сарайдың іші босап қалыпты. Ескі диван мен тоңазытқышты қояр жер таппай жүр едік. Мұндай жақсы болмас, – деп қуанды Тағанбайдың әке – шешесі. Байлық – қолдың кірі. Кітап – ақыл мен білім кені. Олар өмірдегі теңдесі жоқ қазынадан қол үзіп қалғандарын сезбеді.

* * *

Кітаптардың қуанышы ұшан-теңіз. Дәу Кітаптың айтқаны айдай келді. Азап-тозақтан құтылды. Жаңа иесі Танабай қандай ұқыпты десеңші. Қағып-сілкіп, шаң-тозаңын арылтып, жыртылған беттерін желімдеп, үй ішіндегі ауқымды сөреге қатарластырып жинады. Бөлме іші мұнтаздай. Жаңа жайлы. Шашау жатқан ештеңе көрінбейді.

Танабайдың бұларға деген ықыласы тым ерекше. Айналсоқтап жандарынан шықпайды. Үстап – тұт-қанының өзі жағымды. Еппен алып, қайтадан орнына әкеп қояды. Дөрекі Тағанбайдан құтылғандарына мың да бір шүкір. Танабаймен екеуінің арасы жер мен көктей. Оның бұларға көрсетпегені бар ма? Оқып, рухани ләззат алудың орнына қараңғы қапасқа қамап қорлағанының өзі неге тұрады. Киелі кітаптың қадірін білмеді ғой, байғұс бала.

Кітаптардың Танабайды бауыр басқаны сонша, оқуына кетсе, елегізіп іздейтін халге жеткен. Үйге кіріп келсе, қуанып қоя береді. Жүректері жарыла жаздайды. Бірден иесінің жүзіне көз жүгіртеді. Қазірше ойдағыдай. Қашан көрсең, көңілді.

– Апа, бес сабақтан бестік алдым, – дейді ол мақтанып. Күндегісі осы. Шешесі де дән риза.

– Айналайын, – дейді. – «Көп оқыған – озар». Оқи бер, балам. Ана кітаптардың бәрін қалдырмай оқып шықсаң, жаман болмайсың. Кітап адамның ой-өрісін кеңейтеді.

Сөредегі кітаптар жақсы сөзге масайрап қалды. Тектен-текке бос тұрмай, біреудің бойына аз да болса білім нәрін сепкен қандай ғанибет. Дүниеде ешкімге қажетсіз болып қалудан өткен қасірет бар ма?.. Иә, олар қашан да адам баласынан жақсылығын аяған емес. Атағы жер жарған небір ғұламалардың бәрі де сол кітаптың шекпенінен шыққан. Сондықтан да оны «білімнің, ақылдың кені» деп аялаған. Қадір тұтқан. Қастерлеген. Киелі санаған.

Кітап оқымақ түгіл, қолына ұстап көрмеген балаларға жаның ашиды.

Не керек, жаңа иелері кітаптардың көңілінен шықты. Екі ортада бір-бірін көрмесе тұра алмастай сезім орнады. Кітаптар да досынан бар білгенін аяған жоқ. Танабайдың бар сүйеніші – кітап. Сабақ дайындап отырып қандай да бір тығырыққа кездессе, дереу кітап досына жүгінеді. Досы да бәлсініп көрген емес. Айтып бере қояды.

Кітап – досының арқасында мектепте абыройлы. Оны «оқымысты бала» деп бәрі сыйлайды. Мұғалімдері де... Үзілісте сыныптастары ызғышу, қым-қуыт боп жатқандары. «Танабай, мынаны айтып жіберші», «Танабай, мынаған не дейсің?». «Танабайлаған» дауыстардан құлақ тұнады.

Тіпті бірде Гүлім:

– Білімді болудың сиқыры неде? – деп сұрады.

– Ешқандай сиқыры жоқ, – деді Танабай.

– Тек кітап оқу керек...

Дереккөзі:https://bilim – all.kz/

Әңгіме мазмұнына сәйкес салынған ЖИ сурет.
Автор: НИЯЗБАЕВА Шакира,
Алматы қаласы, №58 ЖББ 11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Семейлік оқушылар Бейжіңде робототехникадан өткен халықаралық чемпионатта күміс жүлдеге ие болды

18 тамыз 2026

13 – 16 маусым күндері Қытайдың Бейжің қаласында өткен «2026 FIRST® LEGO® League Asia Open Championship» халықаралық жарысында Семейдегі «Білім-Инновация» лицейінің командасы жүлделі II орынға ие болды.



Ауқымды додаға 25 елден 375 команда және 3500-ге жуық оқушы қатысты. Қазақстан атынан Астана, Алматы қалаларынан, Ақмола, Қарағанды, Қызылорда және Абай облыстарынан 20-ға жуық команда бақ сынады.


Жарыс қорытындысы бойынша Семей қаласының «SBIL•LION•AIRES» командасы күміс жүлдегер атанды. 2024 жылы Sapa Semey Alumni түлектер қауымдастығының қолдауымен құрылған команда бұған дейін Сингапурда өткен халықаралық жарыста да екінші орын алған.

Команда мүшесі Нұрсұлтан Оразалиннің айтуынша, Бейжіңдегі жүлде – отандық робототехника саласы үшін маңызды жетістік.

«Биылғы чемпионатта өте сәтті өнер көрсеттік. Бұған дейінгі жарыстарда жинаған тәжірибеміз командалық жұмысымызды жетілдіріп, өзара түсіністігімізді нығайтуға көмектесті. Бейжіңдегі сайыста бірлескен жұмыстың арқасында жүлделі екінші орынға қол жеткіздік», – деді ол.



Дереккөзі: Абай облысы әкімдігінің ресми сайтынан алынды.



Сурет: https://yandex.kz/

ЛОГИКАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАР

*Қайыңда 50 жаңғақ өсіп тұр. Қатты соққан желден 10 жаңғақ түсіп қалды. Қанша жаңғақ қалды?
(Қайын ағашында жаңғақ өспейді)

*Мен әрдайым алға жүремін, бірақ ешқашан қозғала алмаймын. Мен немін?
(Сағат уақыты (секунд/минут/сағат көрсеткілері).

*Бір бөлмеде төрт бұрыш бар. Әр бұрышта бір мысық отыр. Әр мысық әр бұрышта үш мысықты көріп тұр. Бөлмеде барлығы қанша мысық бар?
4. (Әр мысық қалған 3 мысықты көріп тұр, бірақ барлығы 4 мысық.)

*Бірінші буыным – құс аты,
Екінші буыным – бояу түсі.
Біріктіріп оқысаң,
Ұлт аты боп шығамын. (Қазақ).

Астанадан Қарағандыға жету үшін 2 сағат 30 минут қажет. Ал Қарағандыдан Астанаға қайтуға 150 минут керек. Неге олай?
(150 минут = 2 сағат 30 мин)

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖҰМБАҚТАР

*Көлден ұшты жеті қаз,
Қайтып қонды екі қаз.
Қонбады оның нешеуі,
Қане, кім тез шешеді? (5).

*Алпыс ала қарға,
Қырық қара қарға,
Таласты жемге
Жатқан ақ қарда.
Ала қарғалар ала қашады.
Қара қарғалар алдын тосады.
Қайта айналып жерге қонады.
*Барлығын қоссаң, қанша болады? (100 қарға).

*Портфелімде әуелі, 13 жаңғақ бар еді,
Науат пен Сағатқа, Самат пен Маратқа,
Апасына Қанаттың,
Екі-екіден тараттым.
Қанша жаңғақ қалғанын, айта қойшы шешімін? (3).

*Биік терек алда тұр
Басында көп алма тұр
Бұтақ сайын 5 алма
5 бұтақта неше алма
Қане ойлап бағайық
Шешімін тез табайық. (25).

*2 бала көзін басты
5 бала тұра қашты
Үшеуі сайға тығылды
2-уі ойға тығылды
Қанша бала тығылмақ
Ойнайды екен, жылдам тап? (12).

*Сөредегі кітаптар
Үш дос сөреде тұрған кітаптар санын болжамдап айтады: 43, 34, 41. Барлығы қате айтады. Біреуі 6 санға, біреуі, 3 санға, ал біреуі 1 санға жақылысады. Сөреде қанша кітап тұрғанын таба аласыз ба? (40 кітап).

Дереккөзі:
https://bilim-all.kz/ сайтынан алынды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: МҮМКІНДІК ПЕН ҚАУІП


Сурет ЖИ көмегімен жасалынды. Жолдаған автор

Жасанды интеллект дегеніміз - адамның ой санасын компьютерде бейнелейтін программалық жүйе. Яғни, адамның логикалық ойлау қабілетін әртүрлі көлік қолданыстарында, гаджеттерде іске асыру. Бұл терминді алғаш болып Джон Маккарти есімді американдық бағдарламашы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен конференцияда қолданған. Еңбегінің жемісі ретінде жасанды интеллектінің дамуына үлес қосқаны үшін Маккарти зейнет жасында Тюринг премиясының лауреаты атанған.

Жасанды интеллект әртүрлі қызмет атқарады. Соның бірі: Адам бейнесін ажырату. Интеллект жинағында неше түрлі адамдардың суреттері жүктелген. Солардың ішінен бір-біріне ұқсас адамдарды ажыратуға қабілетті. Қарапайым мысал, сіз өзіңіздің смартфоныңызға, я болмаса icloud аккаунтыңызға кіру үшін Face ID функциясынан өтесіз. Сіздің бейнеңізді тексерістен өткізіп, бұл сіз бе, әлде басқа адам ба екенін анықтайды. Бұндағы мақсат смартфоныңыздағы жеке өзіңізге ғана тиесілі мағлұматтарды бөгде адаммен бөліспеу.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БІЛІМ САЛАСЫНДА

Жасанды интеллект білім беру саласында күн сайын дами отырып, білім мен оқытуға деген көзқарасты түбегейлі өзгерте алатын тәжірибелерді ұсынуда. Қазіргі көзқарастарды талдай отырып, жасанды интеллект тапсырмаларды автоматтандырып ғана қоймай, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын әрбір оқушының, студенттің қабілетіне сай бейімделуін қамтамасыз етіп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жасауда. Оған дәлел:

ChatGpt - OpenAl компаниясының 2022 жылдың қараша айында таныстырған нейрондық желісі. Бұл арқылы жасанды интеллектпен хат жазысып, кез келген сұрақ қоюға немесе тапсырма беруге болады. Сондай-ақ эссе, өлең, ән, сценарий, тамақ рецептін жаза алады, оқу бағдарламасын құрастыра алады, бизнес жоспар жазып, күнді жоспарлауға көмектеседі, жылдың негізгі оқиғалары туралы айта алады, іздеген суретті тауып береді, бағдарлама кодын жаза алады немесе кодтағы қателерді табуға көмектеседі. Сонымен қатар, ол түрлі математикалық мысалдар мен теңдеулерді, физика және химия бойынша тапсырмаларды шығару жолын түсіндіре отырып, шешеді.



D-ID - жасанды нейрондық желі. Сіз бұл нейрон желісінде өзіңізге қажетті бейнені немесе ақын жазушылардың айтқан сөзін пайдалана отырып, суретті сөйлете аласыз. Бұл желі, мектеп қабырғасындағы оқушыларға әсіресе тәрбие сағатында пайдалануға жақсы кеңес.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА

Соңғы жылдары жасанды интеллект заманымызға сай медициналық тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналды десек те, артық айтпаймыз. Медициналық жазбалар, суреттер, геномдық деректер, диагностика сияқты әртүрлі дерек көздерді үлкен көлемді, анық әрі сапалы алуға қолжетімді.

Жасанды интеллект денсаулық сақтаудың әртүрлі түрлеріне, соның ішінде диагностикаға, ауруларды болжауға және медициналық деректерді басқаруға көмектеседі. Мысалы, Машиналық оқыту алгоритмдері дәрігерлерге қатерлі ісік ауруын ерте анықтауға немесе аталмыш індеттің түрлерін жіктеуге көмектесу үшін, медициналық суреттерді талдай алады. Алайда бұл жасанды интеллект әзірге қауіпсіз деген сөз емес. Қазірдің өзінде сақтануға себеп бар көрінеді.

Жасанды интеллекттің қазіргі ең басты қаупі - дипфэйк технологиясы. Ол адамның, бетін көшіріп, одан бейнематериалдар жасап шығарады. Қазірдің өзінде хакерлердің осындай әрекетіне бірнеше адам алданып үлгерген. Тіпті белгілі адамдардың атынан сұхбат жасап, түрлі амалдармен алаяқтық істеуде. Келесі кезекте “дипвойс” атты технология жаңадан шығып жатыр. Бұл адамның дауысын, интонациясын келтіріп, аудио хабарлама жіберуге немесе біреумен әңгімелесуге де болады. Бұлар қазіргі ең басты қауіптердің қатарына жатқызылған. Одан бөлек, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі қазіргі күннің өзінде дау-дамай тудырып тұр. Әр нәрсенің пайдасымен қоса зияны да болатынын естен шығармауымыз қажет.

Адам баласының бүгінгі онлайн және офлайн өмірі жасанды интеллектке тікелей байланысты. Болашақта оған сұраныс әлі де артпақ.

НИЯЗБАЕВА Шакира
Алматы қаласы,
№58 ЖББМ 11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Farabi shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

ПРИЗЕРЫ IOI 2026 ВЕРНУЛИСЬ НА РОДИНУ





25 августа 2026

Казахстанские школьники, показавшие высокий результат на прошедшей в Ташкенте Международной олимпиаде по информатике (IOI 2026), вернулись в столицу.

В аэропорту Астаны юных чемпионов и руководителей сборной встретили министр просвещения Жұлдыз Сүлейменова, представители Республиканского научно-практического центра «Дарын», родители, учителя и друзья.

По итогам олимпиады все четыре участника сборной Казахстана стали призерами. Они завоевали 1 золотую и 3 серебряные медали. Казахстан занял 10-е место в мировом командном зачете. Это один из лучших результатов страны за всю историю участия в олимпиаде.

Максим Цой завоевал золотую медаль и занял 5-е место в мировом индивидуальном зачете. Мансур Мамадахунов, Асқар Әкежан и Алдияр Сейтбай стали серебряными призерами.

Руководители национальной сборной - Темірлан Сатылханов и Айбек Қуанышбай.

Поздравляем юных чемпионов, руководителей сборной, педагогов и родителей с высоким международным достижением!

Информация взято из сайта https://www.gov.kz/ - Министерство просвещения Республики Казахстан





В КОСТАНАЕ ПРОШЁЛ КРУПНЕЙШИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ФОРУМ, ПОСВЯЩЁННЫЙ РАЗВИТИЮ ИИ

https://www.itk.kz/

С 21 по 22 августа в Костанае прошёл Qostanai Investment Forum 2025 — ключевая региональная площадка, посвящённая цифровизации, инновациям и применению технологий искусственного интеллекта (ИИ) в различных отраслях экономики. Форум стал крупнейшим мероприятием региона, направленным на привлечение инвестиций в передовые технологии, поддержку стартапов и ускорение цифровой трансформации.

В работе форума приняли участие вице-министр цифрового развития Дмитрий Мун, аким Костанайской области Кумар Аксакалов, управляющий Международного финансового центра «Астана» Ренат Бектуров, Посол Европейского Союза в Казахстане Алешко Симкич, генеральный директор KIA Kazakhstan Ким Дэ Ки, а также представители IT-компаний, международных организаций и венчурного сообщества.

В своём выступлении вице-министр Дмитрий Мун рассказал о развитии экосистемы искусственного интеллекта в Казахстане: от создания национальной суперкомпьютерной инфраструктуры и внедрения ИИ-сервисов в госсекторе до поддержки стартапов и подготовки специалистов. Он подчеркнул, что региональные инициативы, такие как Qostanai Hub, становятся важным элементом общей стратегии цифровой трансформации страны.

«Qostanai Hub демонстрирует высокие результаты: по программе Startup Garage регион занял третье место в стране по числу поданных заявок, уступив только Астане и Алматы», – отметил вице-министр.

Аким Кумар Аксакалов сообщил, что в регионе создаются условия для применения ИИ в агропромышленном комплексе, ЖКХ и животноводстве. В сельском хозяйстве внедряются концепции «умного земледелия» и «цифрового ветеринара», в ЖКХ – технологии для диагностики тепловых сетей с использованием ИИ.

Sergiu Smocinschi, руководитель компании METOS, рассказал о применении ИИ для прогнозирования заболеваний сельскохозяйственных культур и повышения урожайности.

Ирина Сулименко, президент Ассоциации IT-компаний Казахстана, представила систему «цифрового ветеринара», которая уже помогает предотвращать заболевания и повышать продуктивность ферм. Отдельное внимание привлек казахстанский стартап EasyTap, предлагающий онлайн-сервис для поиска почасовых работников в сферах ритейла и HoReCa.

В рамках форума Qostanai Hub провёл инициативы для молодых предпринимателей, включая Pizza Pitch – открытую площадку для презентации идей и поиска инвесторов.

Qostanai Investment Forum 2025 подтвердил высокий интерес к цифровой повестке и стремление региона внедрять ИИ и передовые технологии в экономику и социальную сферу. Министерство цифрового развития продолжит поддерживать инициативы, направленные на формирование сильной технологической экосистемы и развитие ИИ в регионах страны.

https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/details/1055557?lang=ru


НЕЗРЯЧИЙ ПИАНИСТ ИЗ АСТАНЫ ПОКОРИЛ ЛОНДОН



АБЫЛАЙ МУСТАФИН – Победитель конкурса GOLDEN TIME TALENT

Первое место и овации в Лондоне заслужил незрячий пианист из Астаны. Абылай Мустафин покорил международный конкурс Golden Time Talent, занял первое место по классу «Фортепиано», обойдя участников из 35 стран. Но за этой победой годы кропотливой работы, феноменальная память и огромное желание заниматься музыкой, несмотря ни на какие ограничения. Динара Абдирова встретилась с юным музыкантом.

Это произведение композитора Алиби Абдинурова стало для юного пианиста не просто любимой мелодией, а счастливым билетом на большую сцену.



Именно с композицией «Гул - гул жайна» Абылай Мустафин отправился в туманный Альбион и покорил его. На международный конкурс его пригласили как особого гостя. Абылай выступил он в самом сердце Лондона – в Королевской академии музыки. Его исполнение встретили овациями.

— Я два раза участвовал в Лондоне на этом конкурсе. Выиграл первое место, в первый раз – гран-при. Участвовать в конкурсе было нелегко, потому что произведение надо было учить так, чтобы зритель аплодировал и понял смысл произведения, - сказал Абылай.

История Абылая Мустафина – это пример невероятного упорства. Музыку он познаёт исключительно на слух. Ограничения не стали для него преградой, напротив, сегодня он уверенно выходит на большую сцену и забирая первые призы международных конкурсов. Рядом с ним уже восемь лет его педагог Олеся Бабкова. За это время преподавателю пришлось по-новому взглянуть на собственные профессиональные навыки.

Олеся Бабкова – преподаватель по классу фортопиано детской музыкальгой школы №2 им. Р.Баглановой.

– Мною двигал интерес, мне было интересно, а как кто-то обучает, я тоже хочу попробовать и знаете, мне пришлось свою методику заново пересмотреть. На то время у меня стаж был 25 лет, я считала, что замечательно владею методикой. Но в связи с тем, что у меня появился такой ученик мне пришлось заново всё пересмотреть. У Абылая феноменальная память и огромная усидчивость, урок может длится час-два и он не устаёт. У него огромное желание.

Победа в Великобритании стала красивым финалом насыщенного и успешного учебного года. В этом году Абылай окончил с отличием не только общеобразовательную, но и музыкальную школу. Впереди — новый этап. Юный пианист получил грант на обучение в колледже Казахского национального университета искусств имени Куляш Байсейитовой. Теперь его мечта продолжить профессиональный путь в музыке.

— Моя личная мечта - поступить в колледж, дальше университет и работать по специальности. Главная мечта, чтобы все невидящие дети смогли участвовать в творчестве и развиваться.

Он будет учиться по специальности «Инструментальное исполнительство» по квалификации артиста оркестра эстрадных инструментов и преподавателя детской музыкальной школы. А значит, впереди у Абылая Мустафина не только большая сцена, но и возможность однажды самому открывать для других детей мир музыки.

https://tv7.kz/;
фото:https://www.threads.com/@sabira_sagimbayeva/post; https://tech-news.kz/



Фото: ИИ, автор - редакция

Три мудрых совета

(Казахские сказки)

У одного богатого казаха был единственный сын. Он постоянно пас лошадей. Однажды к нему подошёл неизвестный человек и говорит:

– Дитя моё! Дай мне лошадей, я тебе за это дам три мудрых совета.

Юноша согласился и отдал целый косяк лошадей. Неизвестный сказал:

– Дитя моё! Где ты отведал хлеб-соль, не будь тому соперником; от ранней готовой пищи не отказывайся; и если правая рука твоя начнёт драку, то левая должна разнимать.

Сказал неизвестный человек эти слова, забрал лошадей и скрылся.

Когда юноша вернулся домой, то всё рассказал отцу. Отец разгневался на сына, стал его ругать, а потом выгнал вон.

Долго скитался юноша по разным местам. Пришёл он как-то в город и подошёл к ханскому двору. Заметили его ханские охранники.

– Что ты здесь делаешь? Не хочешь ли быть полезным человеком? - обратились они к пришельцу.

– Отчего же? - сказал юноша.

– Ведь я не калека. Если есть дело, то почему же не заняться? Праздного бог убьёт!...

Стража пришла к хану и доложила, что поя-

вился в городе юноша чужестранец, видимо, очень умный, и изъявляет желание служить ему. Хан попросил привести этого чужестранца. Когда юношу привели, он очень понравился хану. Хан назначил его своим телохранителем.

Юноша выполнял службу исправно. Прошло некоторое время. Жена хана влюбилась в юношу и как-то говорит ему:

– Я буду твоей... Будем же любить друг друга, шутить, веселиться!

Юноша вспомнил совет неизвестного человека: «Где ты отведал хлеб-соль, не будь тому соперником» - и отказал жене хана. Тогда ханша решила отомстить юноше. Она пожаловалась хану, что юноша груб с ней, не даёт проходу.

– Я его велю убить,- сказал хан.

Тайно он приказал своим истопникам бросить утром на горячие угли того, кто к ним придёт первым. Затем подозвал юношу и сказал ему, чтоб он утром отправился к истопникам и принёс мешок углей. Юноша сказал: «Слушаюсь, тахсыр» - и на другой день отправился к истопникам.

По дороге он встретил старушку.

– Дитя моё! - сказала старушка.- Отведай у меня хлеба-соли!..

Юноша поблагодарил старушку и сказал:

– У меня спешное дело, я иду по приказанию хана. На это старушка заметила ему, что ещё рано и он успеет сходить по важному делу. Тогда юноша вдруг вспомнил второй мудрый совет неизвестного человека: «От ранней готовой пищи не отказывайся» - и вошёл в юрту к старушке.

В это время ханская жена, узнав об ожидающей юношу страшной смерти, в отчаянии прибежала к истопникам, чтобы в последний раз посмотреть на него, но была тут же схвачена и брошена в огонь. А юноша, закусив у старушки, отправился к истопникам, взял у них мешок угля и принёс хану.

Увидав юношу совершенно невредимым, хан пришёл в изумление. В то же время хану доложили, что его жена исчезла из дворца. Куда она девалась - никто не знал. Хан послал узнать к истопникам, какими судьбами юноша остался жив? Истопники ответили, что они в исполнение повеления хана бросили в огонь его жену, так как она пришла к ним первая.

Когда хану принесли такой ответ, он назвал юношу колдуном и хотел весь свой гнев вымести на нём. Видя это, юноша сказал:

– Тахсыр! Если вы пощадите меня, я вам доложу всю истину.

– Хорошо, говори, - сказал хан.

– Я был сыном богатого отца и пас своих лошадей. Однажды ко мне подошёл неизвестный человек и сказал: «Дитя моё! Дай мне косяк лошадей, я тебе за это скажу три мудрых совета». Я исполнил его просьбу, а он мне сказал: «Где ты отведал хлеб-соль - не будь тому соперником», «От ранней готовой пищи не отказывайся» и «Если правая рука твоя начнёт драку, то левая должна разнимать». Выучив это, вечером я пришёл домой и за расточительность был прогнан из дому. После долгих скитаний я пришёл в этот город и стал служить вашей милости...

Всё это время и днём и ночью ханым не давала мне покоя и просила, чтобы я её полюбил. Если полюбить её, подумал я, значит, идти против первого мудрого совета: «Где ты отведал хлеб-соль, не будь тому соперником». Поэтому я всегда уклонялся от искушения. Когда вы послали меня за углём, мне встретилась старушка. Она пригласила меня к себе в юрту отведать готовую пищу. Тогда я вспомнил второй мудрый совет: «От ранней готовой пищи не отказывайся». Я вошёл в юрту к старушке и на скорую руку закусил, потом пошёл к истопникам и принёс вам углей. А где ханым и что с ней стало, я не знаю. Вот и всё, что я хотел вам сказать.

Хан выслушал юношу внимательно, а потом сказал:

– Ты, юноша, не виновен! Жена же моя сама себя наказала.

После этого хан щедро наградил юношу, дал ему коня и отпустил домой.

Долго шёл он. Наконец показался родной аул. Юноша стал думать: «Да, порядочно прошло времени с тех пор, как я ушёл из дому. Интересно, что теперь делает моя жена?!»

С этою думой он ночью вошёл в свою юрту и застал там незнакомого жигита. Он вынул саблю и замахнулся, чтобы нанести удар, но в этот миг вспомнил третий мудрый совет: «Если правая рука начнёт драку, то левая должна разнимать»; - и схватил левою рукою свою правую, в которой была сабля. Жена проснулась и стала кричать, но, увидев мужа, замолкла. Муж стал укорять жену в неверности. Но она на это ему сказала:

– Когда ты покинул дом, я осталась в положении... Юноша не кто иной, как твой сын!..

Отец бросился к сыну, стал его крепко обнимать. Потом извинился перед женой.

Так юноша вернулся в родной аул к своей семье.

http://skazkoved.ru/



The academician of the steppe

Author: E-history.kz

The name of Academician Satbayev is known to everyone today. «The first academician», «the great scientist» – these words are spoken so frequently that they risk losing their specific meaning. What is the true scale of the legacy left by a man whose contribution to Kazakhstani science is nearly impossible to overstate? Who was Kanysh Satbayev – not as a legend, but as a scientist and a human being? Let us answer these questions through facts – through what has come to be known as the «Satbayev Standard.»

ZHEZKAZGAN: EIGHT YEARS OF STRUGGLE – A CENTURY OF RESULTS

The year is 1926. A young geologist, recently graduated from the Tomsk Institute of Technology, arrives at the Karsakpay copper mine. Conditions are far from ideal: there are no qualified local specialists, funding is scarce, and the equipment is the dilapidated legacy of former British concessionaires.

Over three years, Satbayev's team explored scattered copper deposits and reached a bold conclusion: they were all parts of a single, massive geological system. In 1930, this was scientifically confirmed. With reserves exceeding two million tons, it was one of the largest copper deposits in the world. Satbayev named it «Greater Zhezkazgan.»

However, proof alone was not enough. In the scientific community, his calculations were dismissed as exaggerated and his conclusions as fantasy. For eight years, Satbayev traveled to Moscow, defending his findings before the USSR Academy of Sciences and the People's Commissariat of Heavy Industry. His rigorous scientific arguments eventually convinced the state. In 1938, the decision for industrial development was made; by 1943, the first five mines and the processing plant were operational.

Without Zhezkazgan, there would be no Kazakhstani copper. Today, this deposit is the foundation of Kazakhmys-one of the world's leading producers and processors of natural resources and a pillar of the national economy. Satbayev's scientific forecast has been serving the motherland for ninety years.

THE WAR YEARS: THE MANGANESE QUESTION

August 1941. German troops captured Nikopol—the main center of manganese production in the USSR. Without manganese, which is essential for steel production, the country risked losing its ability to manufacture armaments.

Satbayev, who knew the Kazakh steppe and its subsoil like his own home, had long been searching for manganese. The Zhezdy deposit, located near Zhezkazgan, sud-

denly acquired strategic importance. The academician scientifically justified the extraction of the necessary raw materials and organized their supply. For the mobilization of resources during the war years, Satbayev was awarded the Order of the Patriotic War, 2nd Class - a well-deserved recognition for concrete results.

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES

Satbayev began contemplating the creation of the Academy of Sciences of Kazakhstan in 1944. This was not an abstract initiative; it was born of practical necessity. He understood that without a domestic scientific base, it was impossible to discover new deposits or develop industry.

He corresponded with the Science Department of the Central Committee, traveled to Moscow, and defended the proposal before the Presidium of the USSR Academy of Sciences. On June 1, 1946, the Academy of Sciences of the Kazakh SSR was officially opened. On June 3, at the first general meeting, Satbayev was elected its president. That same year, he became the first Kazakh to be elected an academician of the USSR Academy of Sciences.

During those years, Kazakhstan faced the task of transitioning from an agrarian republic to an industrial one. At Satbayev's initiative, institutes of geology, chemistry, metallurgy, and humanities were opened simultaneously. Those scientific institutions are the living roots of today's National Academy of Sciences under the President of the Republic of Kazakhstan.

SCIENTIFIC SCHOOL: MAPS AND FORECASTS

Satbayev's scientific legacy is not just a list of discoveries. Each of his fundamental works laid the foundation for the metallogeny of Kazakhstan. He developed a comprehensive method of metallogenic analysis and deposit forecasting.

The compilation of the geological map of Central Kazakhstan remains one of his primary achievements. Forecasts based on these maps continue to lead to the discovery of new ore deposits today. Satbayev did not just find specific minerals; he created the methodology for finding them – a tool that has remained effective for decades.

His involvement in the construction of the Karaganda Metallurgical Plant, the development of iron and manganese in Kostanay and Altai, and the extraction of phosphorites in Karatau are all links in the same chain. The Irtysh – Karaganda Canal was a project he championed until it became a reality. Today, the canal bears his name.

A CAMPAIGN ETCHED IN STONE

Satbayev left his mark on more than just geology. In 1935, while working as the chief geologist of the geological exploration plant of the People's Commissariat of Heavy Industry, he heard from locals about an unusual stone atop Altynshoky in the present-day Ulytau region. He went to investigate and found it. Thus, «Tamerlane's Stone» was rediscovered.

The inscription on the stone became a vital source for historical science: it confirmed that Tamerlane's campaign against Tokhtamysh in 1391 actually took place and that the army's path led through the Ulytau mountains. This filled a significant gap in Medieval history. It was no coincidence that a geologist traveling across the steppe discovered this artifact; it was the result of a broad education and a deep love for his land. His contemporaries aptly called him the «chief archaeologist of the Kazakh people.»

ALGEBRA, MUSIC, AND UNWRITTEN WORKS

Not everything about Satbayev is common knowledge. During his student years in Tomsk, he wrote an algebra textbook in the Kazakh language – 1,467 pages in Latin script. At that time, Kazakh school textbooks simply did not exist. It was one of the first systematic attempts to translate science into his native tongue – a testament to his boundless devotion to his people.

He also loved music. He maintained close relationships with the writer Mukhtar Auezov and the composer Akhmet Zhubanov, supporting Kazakh culture with academic resources. The flourishing of the humanities during the early years of the Academy of Sciences is a living testament to this support.

AN ENDURING LEGACY

Satbayev passed away on January 31, 1964, in a Moscow hospital.

The city of Satpayev, the Irtysh – Karaganda Canal, Satbayev University, the Institute of Geological Sciences, a planet in space, and the mineral «satpayevite» are all named in his honor. UNESCO marked his centenary at the international level. The academician's legacy is measured by the deposits he discovered and the maps he drew – and this measure grows more significant with each passing year.

He entered the steppe as a young geologist – without equipment, without money, and without a name. But he possessed an obsession to understand his native land. This obsession drove him toward a single goal for eight years, and that goal transformed into an industry that has lasted decades. He read the stones, opened the earth, and gave Kazakh science a new voice. He wrote textbooks, founded the academy, and championed culture.

The «Satbayev Standard» is not a monument or a formal portrait. It is a compass that prevents us from losing our way. It is for this reason that he is rightfully called the Academician of the Steppe.

By Gulmira Sultanbayeva



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға Республикалық Farabi shakirti журналының электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

1. Заңды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36.

2. Қала, ауыл – село бойынша: 6 айға – 3344,40.